

#КүшімізБірлікте

Біздің алдымызда айрықша міндет тұр. Бұл – еліміздің егемендігін және жеріміздің тұтастығын сақтап қалу.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН



СЫНДАРЛЫ ШАҚТАН ӨТЕ БІЛДІК

5

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ШАҒАР БАСШЫСЫ АЛАТАУ АУДАНЫНЫҢ ТҮРГЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСЕДІ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың Алатау ауданының тұрғындарымен кездесуі 19 қаңтар күні, сағат 9.00-де «Ботакөз» шағынауданы, 2 мекенжайындағы №209 жалпы білім беретін мектепте өтеді.

Кездесуді онлайн-режимде «Алматы» телеарнасының YouTube парақшасынан және Алатау әкімдігінің Facebook парақшасынан көруге болады.

Коронавирус инфекциясы таралуының алдын алу мақсатында кездесу барысында бетперде режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтау ұсынылады.

ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА



ТҮЙЫМ

жастарға ақыл-кеңес берудегі тәрбие құралдарының бірі

12

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

17.01.2023

Түнде:



-15-17 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



-7-9 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

18.01.2023

Түнде:



-15-17 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



-7-9 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №6 (6299) 17 қаңтар, сейсенбі, 2023 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

АБУ-ДАБИ САММИТИ

жаһандық мәселелерге арналған халықаралық форум



Мемлекет басшысы «Абу-Даби тұрақты даму апталығы» саммитінің ашылу рәсіміне қатысты

ҚР Президентінің Баспасөз қызметі хабарлағандай, Қасым-Жомарт Тоқаев Біріккен Араб Әмірліктеріне ресми сапары аясында «Абу-Даби тұрақты даму апталығы» атты саммиттің ашылу рәсіміне қатысты.

ADSW 2023 – орнықты даму үдерісіне халықаралық күш-жігерді қолдауға бағытталған БАӘ жаһандық бастамасы. Абу-Даби саммиті – азық-түлік пен су ресурсы қауіпсіздігі, энергияға қолжетімділік, өнеркәсіпті көміртегінен арылту, денсаулық сақтау және климаттағы өзгерістерге бейімделу сияқты ауқымды әрі өте маңызды мәселелерге арналған биылғы алғашқы халықаралық форум.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Саммит аясында сөз сөйлейді деп жоспарланып отыр.

2

БРИФИНГ

МЕКТЕП ФОРМАСЫНА ТАЛАП ӨЗГЕРДІ



Өңірлік коммуникациялар қызметінің онлайн брифингінде қалалық Білім басқармасы Рухани-адамгершілік тәрбие бөлімінің басшысы Нұрғұл Тау Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсанда қол қойған бұйрығын түсіндірді.

8

ҚЫСҚА...

- ОСК Сенат депутаттарын сайлау қорытындысын шығарды.
- Бүгінгі Үкімет отырысында «Ауыл – Ел бесігі» жобасы мен халықты жайылымдық жерлермен қамтамасыз ету мәселелері қаралады.
- Қазақстандық делегация Абу-Дабиде өткен IRENA ассамблеясының XIII сессиясының жұмысына қатысты.
- Шетелден әкелінген көліктер Интерпол базасы арқылы тексеріледі.
- Елімізде 2023 жылдан бастап мектеп формасына талаптар өзгерді.
- 72 жастағы марафоншы Сәрсенбай Қотыршев дүние жүзін жаяу аралап шықпақ.
- «Алтын Орда» базарының бұрынғы басшылығының мүшелеріне халықаралық іздеу жарияланды.
- Қырғызстанда аяз салдарынан Ыстықкөл көлі қатып қалды.
- Универсиада-2023: Қазақстан құрамасы Ұлыбританияны ірі есеппен (15:1) жеңді.
- Лэйк-Плэсид: жерлесіміз Вадим Куралес биатлоннан қысқы Универсиаданың алтынын жеңіп алды.

www.almaty-akshamy.kz





«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үндістан Премьер-министрі Нарендра Модидің шақыруымен «Жаһандық Оңтүстік дауысы» виртуалды саммитіне қатысты. Бұл жиын «Бір дауыс, бір мақсат» ұранымен өтті.

Президент форумда сөйлеген сөзінде бірқатар маңызды міндетке назар аударды. Барлық елдерді Орнықты даму мақсаттарына (ОДМ) қол жеткізу үшін күш біріктіруге шақырды. Оның пікірінше, ОДМ-ды жүзеге асыру ісі жекелеген мемлекеттер деңгейінде ғана емес, өңірлік және жаһандық деңгейде де бірлескен күш-жігерді талап етеді. «Сондықтан Қазақстанда Орталық Азия мен Ауғанстан үшін ОДМ жөніндегі БҰҰ-ның Өңірлік орталығын ашу қажет деп санаймыз. Мұндай орталық БҰҰ-ның өңірдегі жобалық қызметін барынша тиімді үйлестіруге мүмкіндік береді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент климаттың өзгеруіне қатысты мәселеге, су саласындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесіне де тоқталды. БҰҰ есебіне сәйкес, климаттың өзгеруі салдарынан жер бетінде 5 миллиардтан астам адам ауызсуға зәру болуы мүмкін. Президент су тапшылығы мен тұрақсыздықтың белен алуы мемлекеттердің азық-түлік, энергетикалық және экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге кері әсерін тигізеді деп санайды. Бұдан бөлек, экономикалық, геосаяси шиеленіс және тұрақсыздық күшейіп келеді. Түптеп келгенде, оның салдары бүкіл әлемдегі, әсіресе қуаңшылыққа жиі ұшырай бастаған Жаһандық Оңтүстіктегі қауіпсіздікке қатты әсер етуі мүмкін. «Осыған байланысты мен су ресурстарын тиімді әрі әділ пайдалануға септігін тигізетін су технологияларын өзара бөлісу үшін айрықша құқықтар мен преференциялар жүйесін енгізуді ұсынамын», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

■ СЕНАТ

Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата Бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 2023 жылғы 19 қаңтарда өтетін Сенат отырысының күн тәртібін бекітті.

Сенаттың Баспасөз қызметі хабарлағандай, Палата Төрағасы сенбі күні еліміздің өңірлерінде өткен Сенат депутаттары сайлауының нәтижесіне тоқталды. Соған байланысты Мәулен Әшімбаев Сенаттың қарауға жататын мәселелерді нақтылап, тиісті дайындық жұмыстарын жүргізуді тапсырды. Атап айтқанда, сайланған сенаторлар Орталық сайлау комиссиясында тіркелгеннен кейін Сенат Регламентіне сәйкес Палатаның тұрақты Комитеттерінің төрағалары мен мүшелерін сайлауға қатысты мәселе қаралады. Сонымен қатар, алдағы Сенат отырысында депутаттар Мәжіліс қабылдаған бірқатар заңды қарайды.

■ МИНИСТР

Ақпарат және қоғамдық даму саласының 2022 жылғы жұмысының қорытындысы мен алдағы жоспары Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің кеңейтілген алқа отырысында айтылды, деп хабарлайды ведомствоның баспасөз қызметі. Онда Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі баяндама жасады.

«Министрлік Мемлекет басшысының сайлауалды бағдарламасындағы негізгі стратегиялық бағыттар мен тапсырмаларды орындау бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Нақтырақ айтқанда, Президенттің біздің министрлікке жүктеген 8 тапсырмасының 5-еуі орындалды, қалғандары іске асырылуда. Былтыр біздің сала бойынша 20 ауқымды іс-шара өтті. Оның 8-і әлемдік белді сарапшылардың, белгілі ғалымдар мен саясаткерлердің және халықаралық ұйым өкілдерінің қатысуымен ұйымдастырылды», – деді Дархан Қыдырәлі.

Президент тапсырмасына орай, Қазақстан халқы Ассамблеясының 2022–2026 жылдарға арналған даму тұжырымдамасы дайындалды. Қазіргі уақытта Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің 2023–2033 жылдарға арналған даму тұжырымдамасы әзірленуде. Министрлік жетекшілік ететін салалардың жұмысын ғылыми тұжырым мен зерттеу қорытындыларына негіздеу үшін отбасы, жастар және қоғамдық кеңестер туралы 3 ұлттық баяндама әзірленді. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша таяуда «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заң қабылданды. Халықаралық тәжірибелерді ескере отырып, «Масс-медиа туралы» Заң жұртшылық талқылауына шығарылды. Сондай-ақ, онлайн-платформалар мен интернет-жарнаманың қызметін реттейтін жаңа заң жобасы әзірленіп жатыр.

■ SKILLS.ENBEK.KZ

Өткен жылы skills.enbek.kz қысқа мерзімді онлайн курстар платформасында 144,2 мың азамат, оның ішінде 23,4 мың жұмыссыз оқыды. Оқуын аяқтаған барлық пайдаланушылар тиісті сертификаттарға ие болды. Платформада барлығы 191,4 мың қазақстандық тіркелді, оның 178 мыңы 2022 жылы тіркелген.

Бұдан бұрын хабарлағандай, Платформа халықтың білім деңгейі мен кәсібилігін арттыруға, мансаптық дамуды ынталандыруға және «өмір бойы оқыту» тұжырымдамасын ілгерілетуге бағытталған. Ол маркетингтік – қызметтер нарығы қағидаты бойынша онлайн курстарға қол жеткізуді ұсынатын халықаралық оқыту алаңдарына ұқсас құрылған. Оқуға тікелей <https://skills.enbek.kz/> сілтемесі арқылы немесе Электрондық еңбек биржасында (enbek.kz) «Онлайн оқыту» бөлімін таңдау арқылы өтуге болады.

Платформада білім алушы оқытудың қолайлы қарқыны мен тілді, материалды берудің ыңғайлы қағидатын өз бетінше тандайды, білім беру процесіндегі өзінің прогресін бақылай алады. Оқу аяқталғаннан кейін білім алушы 70% шекті деңгеймен тестілеу тапсыруы тиіс. Онлайн курсты сәтті аяқтаған жағдайда дағдыларды игеру туралы сертификат беріледі.

■ БАҒА

Сауда және интеграция министрлігінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тезеу шаралары бойынша кеңес өтті, деп хабарлайды ведомствоның баспасөз қызметі.

Пияз, картоп, сәбіз және қырыққабатты маусымдық сатып алу мәселесі бойынша Сауда және интеграцияның бірінші вице-министрі Арман Шақалиев баяндама жасады. Спикер 2023 жылғы маусымаралық кезеңде көкөністерді импорттау жөніндегі Жол картасының жобасын ұсынды. Бұл карта өңірлер мен сауда желілері бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің импортын бөлу бойынша бөлуді, КО көкөніс импортына жеткізушілермен уақтылы шарттар жасасуы үшін өңірлердің әкімдіктері арқылы айналым схемалары бойынша сауда желілерін қаржыландыру мерзімдері мен көлемін көздейді. Өз кезегінде Сауда және интеграция министрлігі тарапынан Qaztrade сауда саясатын дамыту орталығы арқылы уақтылы жеткізу үшін жасыл дәлізді қамтамасыз ету бойынша жәрдем көрсетілетін болады. Барлық әкімдіктерге пияз, картоп, сәбіз және қырыққабатты маусымдық сатып алудың «айналым схемасы» бойынша сауда желілерімен келісім-шарттарға қол қою бойынша жұмысты ерекше бақылауға алу және жеделдету тапсырылды.

● ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ



АБУ-ДАБИ САММИТІ

жаһандық мәселелерге арналған халықаралық форум

(Басы 1-бетте)

Алқалы жиынға сондай-ақ Біріккен Араб Әмірліктерінің Президенті шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян, Оңтүстік Корея Президенті Юн Сок Ёль, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Ангола Президенті Жуан Лоренсу, Мысыр Сыртқы істер министрі, БҰҰ Климаттың өзгеруі жөніндегі конференциясы 27-ші сессиясының (COP27) президенті Самих Шукри, сондай-ақ саясаткерлер, жаңартылатын энергия, технологиялық даму және инновация салаларының жетекшілері, инвесторлар мен кәсіпкерлер қатысты.

Жиынның мақсаты – жаһандық қоғамдастықты біріктіретін және түрлі мәселелерде, жаңашыл серіктестік қатынастар мен инновациялық шешімдерде келісімге қол жеткізу үшін конструктивті диалогқа жол ашатын орнықты даму саласының күн тәртібін қалыптастыру және COP28 конференциясына тың серпін беру.

ADSW 2023 алаңында алғаш рет Жасыл сутегі саммиті өткізі-

леді. Онда экономиканың негізгі секторларын көміртегінен арылту ісінде саммиттің әлеуеті айқындалады.

«Абу-Даби тұрақты даму апталығы» саммитінің аясында Zayed Sustainability Prize сыйлығын тапсыру рәсімі өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сыйлықты Global High Schools номинациясы бойынша (Америка аймағы) колумбиялық Fundacion Bios Terrae – ICAM Ubate мектебіне табыс етті.

Zayed Sustainability Prize – тұрақты даму саласындағы орасан зор жетістігі үшін берілетін Біріккен Араб Әмірліктерінің жаһандық сыйлығы. Бұл марапат БАӘ Тұңғыш Президенті марқұм шейх Заид бен Сұлтан Әл Нахаянның гуманитарлық мұрасына құрмет белгісі ретінде 2008 жылы өткен «Болашақтың энергиясы» әлемдік саммитінде тағайындалды. Аталған сыйлық денсаулық сақтау, азық-түлік, энергетика, суды үнемді пайдалану секілді санаттар бойынша тұрақты даму саласындағы тиімді және инновациялық шешімдері

үшін коммерциялық емес ұйымдарға, шағын және орта кәсіпорындарға және орта мектептерге беріледі. 2009 жылдан бері әлем бойынша 96 адам осы сыйлықтың иегері атанды. Zayed Sustainability Prize сыйлығының жүлдесі – 3 миллион АҚШ доллары. Биыл сыйлыққа 152 елден 4538 өтінім түсіп, оның үздік 30 жобасы финалға өткен.

Президент «Абу-Даби тұрақты даму апталығы» саммитіне қатысады, сонымен қатар іскерлік орта өкілдерімен кездеседі деп жоспарланған.

Сапар аясында Қасым-Жомарт Тоқаев БАӘ Президенті шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянмен келіссөз жүргізеді, екі ел басшылары Қазақстан мен Әмірлік арасындағы стратегиялық серіктестікті дамыту перспективаларын, сондай-ақ маңызды салалардағы сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты нығайту мәселелерін талқылайды, деп хабарлайды ҚР Президентінің Баспасөз қызметі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● САЙЛАУ–2023

АЛМАТЫЛЫҚТАР ӨЗ
ТАҢДАУЫН ЖАСАДЫ

14 қаңтарда Парламенттің жоғарғы палатасы – Сенат депутаттарының кезекті сайлауы өтті. Алматыдан саяси додаға қатысуға 10 адам өтініш білдірген болатын. Құрамында аудан әкімі, колледж директоры мен түрлі мекеме қызметкерлері бар.

Алайда, тиісті талаптар толық орындалмағандықтан науқанда бақ сынауға тек 4 үміткер жіберілген. Үміткерлердің ішінде ең көп дауысты өзін-өзі ұсынған кандидат Жанна Асанова жинады. Оған 37 депутаттың 23-і дауыс берген.

Алматы қаласы мәслихатының хатшысы Станислав Канку-



ровтың айтуынша, бүкіл процесс онлайн трансляция арқылы жүргізілді, бәрі ашық болды. Оған бақылаушылар мен БАҚ өкілдері қатысты.

Кандидаттардың басым бөлігі – әйел адамдар. Сондықтан гендерлік теңдік жөніндегі

саясат толығымен көрініс тапты деуге болады, – дейді комиссия мүшелері.

Естеріңізге сала кетсек, Жанна Асанова Орталық сайлау комиссиясында 18 жыл еңбек етті, соның 6 жылында комиссия төрағасы болды.



МЕДЕУ АУДАНЫ

ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ



№7 мектепте Медеу ауданының әкімі Еркебулан Оразалин «Алатау» шағынауданының тұрғындарымен кездесті. Кездесуге бейінді басқармалар мен аумақтық қызметтердің өкілдері қатысты.

Талқылау барысында шағынауданның бірқатар проблемалық мәселелері көтерілді. Тұрғындар иесіз желілерге, әлсіз интернет сигналына, көше жарығына, аялдама кешендері мен автобустардың жетіспеушілігі және тағы басқа мәселелерге шағымданды. Сондай-ақ, ересектерге арналған Қазақ тілі курстарын, спорт секцияларын және басқа да қосымша

үйірмелерді ашу бойынша ұсыныс айтылды.

Аудан әкімі атап өткендей, интернет және көшелерді жарықтандыру мәселелері жұмыс тәртібімен шешілетін болады. Аялдама кешендерін орнату жұмыстары жоспарланған. Қазақ тілі курстарының, үйірмелер мен секциялардың ашылуы «Алатау» шағынауданындағы Мәдениет үйі жобасы аясында қаралатын болады.

АЛАТАУ АУДАНЫ

Алатау ауданының әкімі Азамат Қалдыбеков Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының басшысы Санжар Алинмен бірге «Алматы Су» МКК, «АГС Пласт» ЖШС мердігерлік ұйымының өкілдерімен, авторлық және техникалық қадағалаулармен бірлесіп «Шаңырақ-2» шағынауданында ағынды суларды айдау станцияларын салу мәселесі бойынша көшпелі кеңес өткізді.

КӨШПЕЛІ КЕҢЕС



Жүргізілген талдау мен кәріз желілерін өзіағар режиміне ауыстыру бойынша орындалған жұмыстардың арқасында 643 үйдің тұрғындары су бұру қызметтеріне қол жеткізді.

Кеңес барысында «Шаңырақ-2» шағынауданында қалған үйлердің су бұруға қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін 3 кәріз-сорғы

станциясының (бұдан әрі – КСС) құрылысын бастау тапсырылды.

«Шаңырақ-2» шағынауданының тұрғындарына құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге қатысты түсініктемелер берілді. Сондай-ақ, ағынды суларды айдау станцияларында санитарлық аймақ ұйымдастырылатыны атап өтілді.

ТҰРКСІБ АУДАНЫ

КӨШЕЛЕР ЖАРЫҚТАНДЫРЫЛУДА

Түрксіб ауданында көшелерді жарықтандыру бойынша жұмыстар жүріп жатыр.

Бұған дейін жұмыс жоспары белгіленіп, оған ауданның жарықсыз немесе жартылай жарықтандырылған 100 көшесі енгізілген.

Бүгінгі күні 100 көшенің 14 көшесінде жарықтандыру жұмыстары толығымен аяқталды («Қайрат» шағынауданы, Тараз көшесі, 13-жол, 18-жол, Закарпатская, Дундич, Наманганская көшелері және т.б.).

Айта кеткен жөн, биыл жарықтандыру бағаналарын орнатуды қажет ететін көшелердің қосымша тізімі жасақталады. Көшеңізге жарықтандыру жұмыстарын жүргізу қажет болса, толық тізімді қалыптастыру және уәкілетті органға ресми сұрау салу үшін абаатандыру бөліміне тиісті жазбаша өтінішпен жүгінуіңіз қажет.Тел.: 223-11-16.

Сондай-ақ, Түрксіб ауданының «Нұршашқан»



шағынауданында дәрігерлік амбулаторияның құрылысы басталды. Бүгінгі күні «Нұршашқан» шағынауданында бір ауысымда 50 келушіге арналған дәрігерлік амбулатория жұмыс істейді, ол тіркелген 3232 тұрғынға қызмет көрсетеді. Сұраныстың жоғары болуына байланысты ауысымына 100 келушіге арналған жаңа заманауи дәрігерлік амбулатория құрылысы басталды.

Жұмыстарды 2023 жылдың маусым айында аяқтау жоспарланған.

Әзірлеген
Досбол АТАЖАН.

МИБ

БІР ҮЙ – БІР ЕСЕПШОТ

Алматыда тұрғын үйді басқарудың 5887 жаңа нысаны тіркелген

Тұрғын үй саласындағы жаңа заңнамаға сәйкес, елімізде ПИК-тердің орнына мүлік иелері бірлестіктері (МИБ) немесе қарапайым серіктестіктер (ҚС) құрылып жатқаны белгілі.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының тұрғын үй инспекциясы және тұрғын үйді жаңғырту бөлімінің басшысы Дастан Маусымбаевтың мәліметінше, бүгінде, яғни 2023 жылдың қаңтар айындағы жағдай бойынша қазіргі таңда Алматыда 6374 көппәтерлі тұрғын үйді қамтитын 5887 жаңа нысан тіркелген. Оның 1215-і МИБ құрса, 4672-сі ҚС ретінде жұмысын жүргізуде. Жалпы, пайызға шаққандағы үлесі 89,4%.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мәселелері жөніндегі заңнамаға енгізілген түзетулерді іске асыру мақсатында Жол картасы, пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелері жиналыстарының кестесі бекітілген. Бұл бағытта қолданыстағы заңнама нормаларын түсіндіру бойынша мобильдік топтар құрылып, жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Сала мамандары бүгінге дейін БАҚ-пен белсенді әрі жүйелі түрде жұмыстар ұйымдастыра отырып, жаңа құрылым жөнінде халық арасында бірнеше жиын өткізіп жүр. Сондай-ақ, кондоминиум объектісін басқаруға және оның ортақ мүлкін күтіп-ұстауға байланысты мәселелерді талқылау үшін тұрғындармен жазбаша, ZOOM платформасы арқылы онлайн-форматта сауалнама жүргізілуде. Өткен жылдың желтоқсан айында басқарма өкілдері Абай даңғылы,



90 мекенжайындағы Алматы бас жоспары ғимаратында басқарудың жаңа нысанындағына көшу бойынша «Ашық есік» күнін өткізді. Онда қала тұрғындары мүлік иелері бірлестігі (МИБ) мен қарапайым серіктестікке (ҚС) көшу алгоритмдері және тұрғын үй-коммуналдық қатынастар саласындағы басқа да мәселелер бойынша кеңес алды.

Көппәтерлі тұрғын үйдегі пәтер иелері өздері де біледі. Дейтұрғанмен, әлі толық түсіне алмай жүрген көпшілік үшін артық болмас, басқарудың жаңа нысаны туралы тағы бір мәрте айта кетейік. Естеріңізде

болса, бұрынғы ПИК басқару және қызмет көрсету секілді екі функцияны қатар атқарды. Тұрғындар әр шаршы метрге ақша төлеп, ал кооперативтер сол қаржыны өз еркінше жұмсады. Ал бүгінгі басқарудың жаңа форматында һәм жаңа заңнамада екі функцияның аражігі ажыратылып көрсетілген. Мәселен, басқаруды МИБ қолына алса, қызмет көрсету жағы басқа ұйымдарға беріледі. Демек, бірлестік коммуналдық қызмет көрсетуші компаниялармен, серіктестіктермен өзі келісім жасаса алады. Пәтер иелері өзі тұратын үйді ұстауға жинаған қаражаттарының қайда жұмсайты-

КЕРЕК ДЕРЕК

- Алматыда 1215 МИБ, 4672 қарапайым серіктестік бар.
- Жаңа формат бойынша пайызға шаққандағы үлесі 89,4%-ды құрайды.

нын өздері шешеді және біліп отырады. Мұны жаңа форматтың ең басты артықшылығы деуге болады. Неге десеміз, бұрын ПИК жұмысына ешкім бақылау жүргізе алмайтын, ал МИБ немесе ЖС құрғанда тұрғындар қаражатының қайда жұмсалып жатқанынан хабардар болып отырады. Әрине, қай салада болмасын жаңа жүйеге көшу бірден нәтиже бермейді. Міндетті түрде бір кереғар пікірлер мен кедергілер болады. Басқарудың жаңа нысаны – МИБ немесе ЖС құруда да солай. Әлеуметтік желілердегі тұрғындардың сөзінен байқағанымыз, қалада әлі де ПИК-тердің басшылары мүлік иелері бірлестігінің қызметіне тиісті құжаттарды бермей, кедергі келтіріп жатқан көрінеді.

Жалпы, талап бойынша ПИК өкілдері МИБ-ке өту қағидасы бойынша жұмыс істеп тұрған басқару органынан хабарлама алған соң, үш жұмыс күні ішінде үй бойынша барлық материалдарды беруге міндетті. Егер оларды өз еркімен беруден бас тартса, тұрғындар сот органдарына шағым түсіруге құқы бар. Себебі, «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңға сәйкес, тұрғын үй құқықтық қатынастарынан туындайтын дауларды сот шешеді.

Қорыта айтқанда, тұрғындар қаражатының ашық жұмсалыуын қамтамасыз етуге бағытталған жаңа формат кондоминиумды белсенді басқаруда, шығындарды бақылай отырып, тұрғын үй мәселелерін шешуде тигізер пайдасы зор.

Жалпы, еліміз бойынша көппәтерлі үйлердің 90%-дан астамы басқарудың жаңа формасына ауысып үлгерді. Естеріңізге сала кетейік, МИБ-ке көшу мерзімі 2023 жылдың 1 шілдесіне дейін ұзартылған болатын.



ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҚ

ӨНДЕУ
ӨНЕРКӘСІБІ:

Алматы – бірінші орында

ҚР Ұлттық экономика министрлігінің хабарлауынша, 2022 жылы негізгі капиталға салынған инвестициялардың өсу қарқыны 7,8%-ды құраған. Өңдеу өнеркәсібі оң қарқынын сақтап отыр, өсім 3,4%-ды көрсетті. Оң өсім еліміздің 18 өңірінде тіркелген. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібінің қарқыны бойынша Алматы қаласы тізімде бірінші тұр.

«Қазақстан бойынша экономикалық өсім 3,1% көрсетті. Пандемиядан кейін жақсы көрсеткіш, яғни рецессияда (экономикалық өсімнің төмендеуі) емеспіз. Ал Алматы – Қазақстанның донор қалаларының бірі екені белгілі және шаһарымызда сервистік экономиканың үздік үлгісі көрсетілген. Қаланың 2025–2030 жылдарға даму жоспары бойынша сервистік модельді сақтай отырып, бірақ өндіру, өңдеу өнеркәсіптерін дамытуға аса мән берілген. Алматының индустриялық аймағы бар, ол жақта дайындық жұмыстары біраз жылдардан бері жүргізілді. Инвесторлар өз өнеркәсіптерін жолға қойып жатыр. Енді соның жемісін көрудеміз. Мегалополистің индустриялық аймағында одан ары қарай өсетін мүмкіндік бар», – дейді сарапшы-журналист Айбар Олжай.


ЖАҢА ЗАҢ

БАНКРОТТЫҚ РӘСІМДЕРДІҢ
ҮШ ТҮРІ

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев Үкімет отырысында халықтың несие алуын төмендету мәселесі бойынша айтып берді.

Өткен жылы «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заңға қол қойылғаны белгілі. Биыл наурыз айының басында банкроттыққа өтініштер қабылдау басталатынын айта кеткен жөн.

Ерұлан Жамаубаев халықаралық тәжірибені ескере отырып, жеке тұлғалардың банкроттық рәсімдерінің 3 түрі қолданылатынын атап өтті: соттан тыс, соттың банкроттық рәсімі және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі. Соттан тыс банкроттықты тек банктер, микроқаржы ұйымдары және коллекторлық агенттіктер алдындағы қарыздар бойынша қолдануға болады. Қарыздың қалған түрлері



бойынша азаматтар соттың банкроттық рәсімін қолдана алады, оның барысында борышкердің мүлкін сату қарастырылады. Үшінші рәсім сотта тұрақты кіріс болған кезде қарыздарды төлеуге бөліп-бөліп төлеу мүмкіндігін көздейді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Айбар ОЛЖАЙ,
сарапшы-журналист:

«ЕРЕЖЕЛЕРІ МҮЛДЕМ БАСҚА ӨМІР БАСТАУҒА
ДАЙЫНСЫЗ БА?»

Банкроттық туралы заң бізде 10 жылдан бері талқыланып келді. Сарапшылар арасында пікір алуандығы көп болды. Банкрот басында келіскен жоқ. Бірақ барлық халықаралық тәжірибені есептеп, жаңа заң қабылданды. Ол туралы мен оң пікірдемін. Себ

ебі, банкроттық процедурасы тек қана заңды тұлғаларда емес, жеке тұлғаларда да бар. Қарыздан шыға алмай жүрген адамдарға өмірді таза парактан бастайтындай мүмкіндік берілуі қажет. Бірақ банкрот болу деген кредиттер кешіріліп, одан кейін қайтадан кредит алу деген сөз емес. Адамдар соны түсіну қажет. Бір рет банкрот болсаңыз, сізге одан әрі қарыз алуға шектеу қойылуы заңды. Банкроттықтың өзіндік талаптары бар, сіз соған мойынсұнуыңыз керек.

Қарызыңыз 5 миллионға дейін болса, ол түгел кешіріледі. Бірақ қарыз алу бойынша сізге шектеу қойылады. Сондай-ақ, сіздің барлық қаржы ағымдарыңыз бақылауға алынады. Егер қарыз 5 миллионнан асып кетсе, адамның мүлкі сараланып, олар аукционға қойылады.

Азаматтарымыз тек қарыздан құтыламын деп банкроттық алатын болса, кейін өкініп қалуы мүмкін. Барлығын алдын ала саралап алуы қажет. Банкроттық ең соңғы жол. «Ережелері мүлдем басқа өмір бастауға дайынсыз ба?» деген сұрақтар қойылуы қажет.

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ



«Күміс жас» 50-ден басталады

Бізде зейнет жасына жақындап қалған, яғни 60 жастан асқан жандарды қолдау және оларды еңбекпен қамтуды мақсат еткен «Күміс жас» жобасы бар. Биылдан бастап бұл жобада тың өзгеріс бар. Бұл туралы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мәлімдеді.

«Бұған дейін «Күміс жас» жобасы 60 жастан асқандарға қарастырылып келді. Биылдан бастап 50 жасқа дейін төмендетілді. Осылайша жобаға қатысушылар аясы

кеңейтілді. Жалпы, жұмыссыздардың дені – үйде бала күтімімен отырып қалғандар немесе түрлі себептермен еңбек етуге мүмкіндігі болмағандар. «Күміс жас» жобасының мақсаты – зейнет жасына жақындап қалған жұмыссыз азаматтарды қолдау. Біз оларға жеке көмекші, әлеуметтік қызметкер, атаулы әлеуметтік көмек бойынша немесе еңбекпен қамту орталықтарында консультант болуды ұсынамыз. Демек, әлеуметтік сала бойынша жұмысқа орналасырамыз», – деді Тамара Дүйсенова ОКҚ алаңында өткен брифингте.

Министрдің сөзінше, ендігі уақытта «Күміс жас» жобасы аясында 50-ден асқан жандарға білім және денсаулық саласы бойынша бос жұмыс орындары ұсынылмақ.

МИНИСТР НЕ ДЕДІ?

«Азық-түлік себеті» ақшалай беріледі

Бұрын атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасыларға қолдау ретінде азық-түлік себеті берілетін. Өткен жылдан бастап ол ақшалай беріле бастады. Министр мұның себебін түсіндірді.

«Өйткені, жергілікті атқарушы органдар ақшалай беру туралы ұсыныс жасады. Оған себеп – азық-түлік себеті барлық жерде теңдей берілмейді, яғни аудандарда себет құрамында болуы тиіс азық-түліктің кейбір түрі болмай жатады. Сол сияқты, азық-түліктің сапасына қатысты да мәселе қозғалды.

Сонымен қатар, атаулы әлеуметтік көмек алатын ата-аналардан да ұсыныс түсті. Айтуларынша,

берілетін азық-түліктің барлығы бірдей балалардың көңілінен шыға бермейді. Сондықтан ақшалай берілсе деген өтініш айтылды», – деді Т.Дүйсенова брифингте.

Министрдің мәлімдеуінше, қазір азық-түлік себетінің орнына берілетін сома – бір балаға 5175 теңге. Былтыр атаулы әлеуметтік көмекке республикалық бюджеттен 59 млрд теңге бөлінген. Ал биыл бұл бағытқа 72 млрд теңге қарастырылып отырған көрінеді.

«Тәуелсіз жұмыскер» деген кім?

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар «тәуелсіз жұмыскер» деп аталады. Бұл туралы да тілге тиек еткен Тамара Дүйсенова тарқатып айтып берді.

«Әлеуметтік кодекстің бесінші жаңалығы – халықты жұмыспен қамтудың жаңа тәсілдері. Ұсынылған жаңа тәсілдер үш бағытты көздейді. Бірінші – еңбек нарығын либерализациялау. Ол икемді жұмыспен қамтудың барлық түрін,

оның ішінде платформалық жұмыспен қамтуды білдіреді. Бұл өзгерістер негізінен өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарды әлеуметтік тәуекелдерден сақтандыру, ал тәуекел болған жағдайда әлеуметтік қолдауды қарастырады. Осы мақсатта бұл санаттағы азаматтарды «тәуелсіз жұмыскер» деп атау, олардың жария шарттарын жұмыс шарты ретінде тану, платформа операторларын салық агенттері ретінде белгілеу сияқты жаңа тәсілдер енгізу көзделген», – деді министр. Ал екінші бағыт – жұмыс күшінің дағдыларын арттыру. Дағдылар мен құзыреттерді бағалау үшін сертификаттау жүйесі енгізіледі.


«Үшінші бағыт – жұмыспен

қамтудың цифрлық орталықтары. Бүгінгі таңда азаматтарға жұмыс іздеу, жұмыссыз ретінде тіркелу, жұмысынан айрылған кезде әлеуметтік төлемдерді тағайындауға өтініш беру процесі толығымен цифрландырылып, Электрондық еңбек биржасы арқылы жүзеге аса бастады. Осыған байланысты аймақтардың ерекшелігін ескере отырып, өңірлік еңбек нарықтарын дамыту жөніндегі барлық бастама мен бағдарламаларды үйлестіретін аумақтық мобильді орталықтар және жұмыспен қамтудың цифрлық орталықтарын енгізу қарастырылады», – деді Т.Дүйсенова.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.



СЫР-СҰХБАТ

СЫНДАРЛЫ ШАҚТАН
ӨТЕ БІЛДІК

Мемлекет басшысы Әділетті Қазақстанды бірге құруға шақырды. Осы жолда әрбіріміздің дауысымыз бен берекелі ісіміз, әсіресе жастарымыздың іс-қимылы ортақ мүддеге тоғысқаны абзал. Бұл – ертеңгі күнге деген зор сенімнің айқын көрінісі.

Еліміз дамудың жаңа жолына түсті. Әлеуметтік әлеуетімізді, хал-ахуалымызды жақсартудың бірқатар бағыты айқындалды. Бұл ретте ұрпақтар үндестігі мен сабақтастығына, аға ұрпақ пен жастарға жүктелер міндеттер ауқымы да зор. Осы тұрғыда Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Түркі дүниесі әдеби сыйлығының лауреаты, жазушы Смағұл ЕЛУБАЙДЫҢ ой-пікірін білген едік.

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ
ҰЛЫҚТАЛУҒА ТИІС

– Еліміздің экономикалық бағдарындағы, әлеуметтік әлеуетіндегі даму үрдісін қалай бағалар едіңіз? Бүгінгі қазақ қоғамын не толғандырады?

– Бұл бағыттарда мемлекет тарапынан жасалып жатқан шаруалар баршылық. Оларды тездетіп іске асыру керек. Бұл күн тәртібінен түспейтін мәселе.

Біз үлкен де қауіпті сыннан өттік, өткеннен сабақ алуға тиіспіз. Жасыратыны жоқ, жастарымыз үлкен қалаларда жұмыс істеуге, шаһарларға орнығуға тырысып бағуда. Барын салып күндіз-түні жұмыс істеуде. Алайда, баспана жоқ, жалдамалы пәтер бағасы қымбат, жалақы мардымды емес. Кім бірден бәрін аста-төк етіп бере қойсын. Еңбекақысын дұрыс төлесе, құба-құп. Мұны ойласаң көкірегің шерге толады. Осыны бақылап отырған үшінші қыңыр пиғылдағылар бар екенін естен шығармайық. Бұл күйіп тұрған өзекті мәселені өткен жылғы қаңтарда сыртқы деструктивті күштер ел билігіне қарсы пайдаланып кетті. Жастарды көшеге шығуға итермеледі. Әлгі арам ниеттілердің пиғылы ғаламтор, әлеуметтік желі, түрлі хат-хабар алмасатын мессенджерлер арқылы іске асты. Олар таңнан кешке дейін мемлекеттік саясатқа қарсы жұмыс істеп, жамандаумен болды. Сөйтіп, Қазақ билігін шалқасынан түсіруді көкседі.

Осылайша былтырғы қаңтарда дүние әп-сәтте төңкеріліп түсті. «Қаңтар дүрбелеңіне» біз дәл сол күні келген жоқпыз. Ол ондаған жылдар бойы қордаланып қалған нәрсе еді. Әйтеуір бір күн болмаса бір күні жарылатынын сезіп жүрдік. Сол бұлғақтың кезінде осыған дейінгі түйткіл жарылды. Оған сонау Маңғыстау өңіріндегі, Жаңаөзен қаласындағы газды шамадан тыс қымбаттатқандар отқа сіріңке лақтырғандай болды. Өзі онсыз да ашу-ызаға булығып, бірнеше жылдар бойы жоқшылықтан титықтаған, ызаланған, зығырданы қайнаған, тұрмыс қысқан жұрт от-жалындай лап

ете қалды. Ойы бұзықтардың мақсаты халықты көтеріліске итермелеу болды. Сол мақсаттарына жетті де. Ал сол кезеңде көшеге шыққандар 100% қазақ жастары болды. Яғни қаңтар оқиғасының қазақы реңкі, ұлттық болмысы болғанын ашық айтатын уақыт келді. Ендеше, көшеге шыққан халықтың талап-тілегін ойлайтын кез жетті. Одан ұялмау керек. Қазақтар неге көшеге шықты? Демек, қазақ қоғамының проблемасы бар...

Ол сонау 1991 жылдан бері қоғамда қалыптасып кеткен әділетсіздік проблемасы еді. Малды, тракторды, қойманы, жерді жекешелендіруде олқылықтар орын алды. Ат төбеліндей ғана адамдар осының бәрін бөліске салды. Олар тамыр-таныстықты араға салды. Ондай билігі жоқ миллиондаған бұқара айдалада қалды. Тіпті, даланың өзін бөліп алып, жұртты босытуға дейін барды. Қарапайым кісіге өзінің азын-аулақ малын бағатын жер қалмай қалды. Мінеки, осындай жағдайда ауылдағылар қалаға шұбырды. Оның 99%-ы жастар еді. Дәлірек айтқанда, бойдақ жастар. Шаһарға келгендердің жағдайы болмады. Көбісі көше сыпырумен жүрді. Кейбірі базарда арба сүйреді. Ендігісі құрылыстарда істеді. Жұмыс берушілердің барлығы солардың адал еңбегін пайдаланды. Солардың арқасында байыды. Әрбір қаладағы мыңдаған қаракөздеріміз жұмыс ұсынушылардың май шелпегіне, шынтуайтында, жалшыға айналды. Әлі күнге дейін солай. Ақшасы барлар қарапайым жұрттың еңбегін барынша пайдаланды, оларға адал еңбектерінің еңбекақысын беруде енжарлық танытты. Сәл қиқандай қалса, құйрықтан бір теуіп шығарып тастады. Осы бір жаман әдет әлі жалғасып жатыр.

НАҚТЫ ҚАДАМДАРДЫ
ҚОЛДАУ ҚАЖЕТ

– Жастардың әлеуметтік жағдайы жақсаруы үшін қайтпек керек?

– Біз көптен күткен реформалар бастау

алды. Шүкір. Президент ұсынған реформаларды жұмыла жүргізу керек, барлық салада өзгерістерге жол ашу керек. Бұған дейін осы нәрсе айтылып та, жазылып та жүрді. Бірақ ешкім тереңдей ұғынбады. Мұны соншалықты тездету қажет дей-тінімнің астары бар. Өйтпесе, осындай келеңсіз оқиға жалғасуы бек мүмкін. Ал оның бізге керегі жоқ. Сондықтан тездету шарт. Өйткені, мұхит пен теңіздің арғы жағында отырып, теріс үгіт-насихат жасаушылар көп. Ойы бұзықтар ешқайда кетпеді. Қайта күн сайын интернетке шығып, әртүрліні көкіп, қақсап отыр. Айналып келгенде, деструктивті күштердің түр-түрін байқаймыз. Бірі діни, екіншісі саяси, үшіншісі бай-манаптардың пиғылдары деп бөлініп кете береді. Себебі, олигархтар өздерінің қисапсыз мал-мүлкінен, қаражатынан, шетелдегі офшорға жасырған заңсыз шығарылған ақшаларынан айырылғысы жоқ.

Бұл құр сөзбен тынатын іс емес. Әуелі бірлік керек. Одан кейін берекелі тірлік қажет. Осы екеуі құстың қос қанатындай салтанат құрғаны жақсы болар еді. Осыған жұмыстанайық. Кешегі дүрбелеңді дер кезінде тоқтата алдық. Олай болмағанда әлі күнге дейін азамат шайқасынан арылмас па едік. Кім білсін?! Жаратқан ондайдың бетін ары етсін.

Біз бір нәрсені ескеруіміз керек. Сол шақта ҰҚШҰ-дан көмек сұрадық. Осы ретте Мемлекет басшысы дер кезінде шапшаң әрекет қылды. Мәселені уақытында шешті. Ол кісінің дипломатиялық тәжірибесі мол. Сол мезетте бәрі керісінше болғанда, ішкі сепаратизм бас көтерген болар еді. Ішкі бөлшектенуден эзер аман өттік. Мың тәубе!

Осы күні әртүрлі ой айтылып жүр ғой. Алайда, сол кезде лаңкестерге қарсылық көрсету керек болды. Пиғылы басқалар төңкеріс жасауға дейін барды.

Жуық арада оңаламыз десек, өткеннен сабақ алу керек. Мұның басқалай аксиомасы жоқ.

– Ел болашағын қалай бағамдайсыз?


– Мұны бір сөзбен бағамдап, баға айту мүмкін емес шығар. Дейұрғанмен, келешек өмірді жарқын ететін өзіміз. Ең қарапайым қағида ол – тынымсыз, адал тірлік. Бір нәрсе айқын. Яғни «биліктің енесі – халық» екені рас. Ат төбеліндей бірнеше топ бар байлыққа еге болғаны дұрыс емес. Аса байлардың саны 162 адам деп жүр ғой. Бұны бәріміз талай мәрте айтып та жүрміз. Нәтижесі біреу. Тұтас жұртқа тиесілі молшылықтың дәмін бәрі татқаны жөн. Ел қазынасын ұрлағандарды түгел құстырсын. Өйтпесе, басқалай жолы жоқ. Жерге қатысты ұстанымым айқын. Бос, игерілмей жатқан жерлер мемлекетке қайтарылу керек. Нағыз керек болса, күшпен қайтарылсын. Оның игілігін халық көрсін. Міне, Президент пәрменімен қазір атқарылып жатқан осындай нақты қадамдарды үзбейік. Билік пен халықтың бір-біріне жақындауы жақсы тандемің көрсеткіші болмақ.

Елімізде 2024 жылдан бастап Ұлттық қордың 50%-ын әр туылған баланың есепшотына аударатын болды. Бұл тараптан мемлекет игі қадамға барып отыр. Бұл араб елдерінде бар тәжірибе. Аталған бағдарлама өз нәтижесін беруі керек. Қалың қараша халық отбасын, ана мен баланы қолдаудың бұл игілігі шарасының қадірін сезінуі керек.

– Сүбелі сұхбатыңызға ризалық білдіреміз!

Сұхбаттасқан
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

ПІКІР



Алмас ИСАТАЙ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
мұғалімі:

БҮГІНГІ ЖАСТАРДА
ЕРКІН ОЙ БАР

Әділет орнаған заманда бәрімізге жауапкершілік жүктеледі. Соның ішінде жастарға артылар жүк жеңіл емес. Жас адамды жан-жақтан қолдайтын, демейтін, тіпті сынайтындар да табылады. Оған аса масаттанып немесе көңіл аудару берудің жөні шамалы. Мейлінше нәтижеге жұмыс істеген абзал. Өйтпесе өмір атты қарбаласта теңіздің шетіне шығып қалған балықтай боламыз. Ал жас кезде барынша ақыл мен парасатты үйлестіріп қызмет еткен дұрыс. Біз демократиялық қоғамға нық қадам бастық. Елдің алдағы атқарар игі істері айқындалу үстінде. Мұның кейбірі әзірдің өзінде орындалып келеді. Үлкен саясатта «бәрін кадр шешеді» деген сөз бар. Соның айқын көрінісін байқаудамыз.

Еліміз жаңа белестерді еңсеріп келеді. Ең негізгісі, білікті маман даярлайтын шетелге көп еліктеп бағамыз. Сыртта қаракөздерімізді оқытамыз. Арысы АҚШ, Еуропа, мына шеті Оңтүстік Корея, Қытай, Түркияда білім алып жүр. Шет жақта өз күшімен білім жинап жүргендерге ризамыз. Солардың біліктілігін елдің кәдесіне жаратайық. Олар осы елдің перзенті ғой. Сол себепті, өзге жұрттан үйренген өнерін, тәжірибесін Қазақстан экономикасының дамуына қоссын. Отанымыз баршаға ортақ. Оны өркендету әрбіріміздің абыройлы міндетіміз бен парызымыз. Қай салада істесек те, жемісті жұмыс жасайық. Еңжарлық пен кертартпалық бізге жат. Мейлі шетелден оқу бітірейік, ірі компанияны басқарайық, ғылым-мен шұғылданайық, ең негізгісі адал тірлік қылайық. Әділдік пен адалдық құстың қос қанатындай егіз ұғым. Осыған берік болсақ, қоғам жаңарады.

Сапалы білім, саналы тәрбие беру әр ұстаздың алға қойған міндеті болса, өз ісінің білімді, өнегелі азаматы болу – әр оқушының міндеті. Бүгінгі жастарды кешегі жастармен салыстыруға келмейді. Арада жер мен көктей айырмашылық бар. Бүгінгі жастарда еркін ой, ұлттық рух бар. Олардың бойынан іскерлік пен талантты көре отырып, алға деген ұмтылысты байқаймыз. Алдағы уақытта тәуелсіздігіміздің тамырын тереңдетіп, Қазақстанды іргелі мемлекетке айналдыру біздің қолымызда, яғни болашағымыз жастардың жауапкершілігінде. Сондықтан жастар қауымы уақыттың кез келген сынағына дайын болып, бәсекеге төтеп беруі керек. Санасы сергек, замандық технологияларды меңгерген Отанымыздың нағыз патриоттары ғана осындай сынақтардан сүрінбей өте алмақ. Қазақ халқында «Жас келсе – іске» деген керемет сөз бар. Олай болса, мен бойымдағы жастық жігерімді, күш-қуатымды, жаңашылдығымды шәкірт тәрбиелеуге жұмсауым қажет. Болашақта қанат қақтырған оқушыларымды биік белестерден көрсем, өзімнің кішкене де болса үлесім тиген болса, мен өзімді бақытты ұстазбын деп білемін.

Ұлттың ұйысуын қалайтын арман адастырмайды. Ал елдік мақсат пен мүдде бәрінен артық. Қазақтың әрбір жас азаматы шетелге еліктей бермей, өз туған еліміз бен жерімізді дамытуды ойлайық. Өйткені, сыртта бізді күтіп, аузымызға ақ май салатын ешкім жоқ. Қазақ мемлекеті ортақ үйіміз. Отбасымыз мейірім мен шаттыққа толсын десек, аталған ойларды іске асырайық.



ҚҰРМЕТ

МЕМЛЕКЕТТІК
СТИПЕНДИЯ БЕРІЛДІ

Алматыда мәдениет және өнер қайраткерлеріне мемлекеттік стипендияны салтанатты түрде табыстау рәсімі өтті. Бұл жайында Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин өзінің әлеуметтік желідегі ресми парақшасында хабарлады.

Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

«Алматыда зиялы қауым өкілдерімен кездесіп, 2022 жылғы мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендияны салтанатты түрде табыстау рәсіміне қатыстым. Мемлекеттік стипендия мәдениет пен өнер қайраткерлеріне, шығармашыл тұлғаларға және жастарға еліміздің руханиятын қалыптастыруға, дамытуға қосқан үлесі үшін беріледі. Биыл 75 азамат аталған марапатқа ие болды», – деп жазды Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин өзінің Instagram парақшасында.

Мемлекеттік стипендия иегері

атанғандар қатарында Олжас Сүлейменов, Мырзатай Жолдасбеков, Дулат Исабеков, Төлен Әбдіқұлы, Смағұл Елубай, Күләш Ахметова, Ханбибі Есенқарақызы, Ақұштап Бақтыгереева секілді көрнекті ақын-жазушылар, Асанәлі Әшімов, Сәбит Оразбаев, Тұңғышбай Жаманқұлов сияқты өнер қайраткерлері бар. Сонымен қатар, Ерлан Жүніс, Самал Еслямова, Фархат Молдағали және тағы да басқа жас дарындарға қолдау көрсетілді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ» бұған дейін хабарлағандай, Мемлекет басшысы 2022 жылы мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендияны беру туралы Жарлыққа қол қойған болатын.

ЖАҚСЫ КІТАП – ЖАН АЗЫҒЫ

Рая
ЕСКЕНДІР

Кітап сүйер қауымның сөресі тағы бір жаңа кітаппен толықты. Жәй ғана кітап емес, іші сырға, мазмұны сағынышқа толы. Қолға алсаңыз, өз әлеміне жетелеп отырады. «Әмірхан» деп аталатын бұл кітап осыдан он жыл бұрын қапияда өмірден озған ақтаңгер ақын, білімнің бұлағын қанып ішкен, өлеңі де, өзі де ерекше Әмірхан Балқыбек туралы. Кітаптағы естеліктерді ақынның жары Мархабат Шойбекова құрастырып, «Әдебиет» баспасы басып шығарған.



қоңыр кеште» деп өзінің №513 бөлмесінде өлең жазып отыра беретін. Біз білетін Әмірханның жандүниесі таңғы шықтай таза, пейілі кең болды. Қарапайымдылықты қалап, қоңырқай тіршілік кешкенді ұнатты. Солай өмірден өтті де. Әмірхан қашан да жырлы ортаның ортасынан табылып, жастардың қадамына қуанып жүретін. Жақсы жыр ести қалса, көзі жайнап, «әй, жас перілер» деп қоятыны бар-ды. Қызғаныш, пендешілік атаудың ада болды. Әсіресе, республикалық «Ана тілі» газетінде Марат Қабанбай екеуінің әлемдік мықтылар туралы ой айтып, қызылкенірдек болып қалатын сәттерін талай көргенім бар. Осындайда қос мықтының қайсына жақтасарын білмеген ел ағаларының «Әй, Әмірхан-ай, мәшинасың ғой» деуден басқа амалы қалмайтын.

«Әмірхан» кітабында Т.Медетбек, Қ.Иса, Б.Жақып, А.Әлім, Ә.Бөпежанова, Б.Қошым-Ноғай, Д.Қыдырәлі, Б.Қалымбет, М.Райымбекұлы, А.Кеңшілікұлы, Д.Амантай, тағы басқа қаламгерлердің Әмірхан Балқыбек туралы естеліктері берілген. Ақынның тарпаң мінезін, кейбір «нүктелерін» дөп басатын, «Өлең төбеде» талай жырын тыңдаған құрстас достарының естеліктері тіпті қызық. Естелік кітапқа Қазыбек Құттымұрат, Сағындық Рзахмет, Гауһар Алшынбекова, Жарас Сәрсек, Бауыржан Бабажанұлының да естеліктері енген. Ал кітап қолына тиген басқа достары болса «Әмірхан ортамызға оралды» деп қуанып жатыр.

Болмысы бөлек Балқыбековпен кезінде бір курста оқыдық. Курстағы көп жігіттің ерекшесі, мінезі де біртүрлі болатын. Табиғатынан біртоға жігіт білімді екенін, көп білетіндігін сөз арасында болмаса байқаға да бермейтін.

Десе де, «алмас кездік қын түбінде жатпайды» демекші, Әмірханның білімі, жан-жақты екені бәрібір аңғарылып тұратын. Көп

жағдайда сөз жарыстыруға батылымыз бармай, сытылып кетуге тырысатынбыз. Университет қабырғасында жүріп-ақ әлемдік классиктердің шығармаларын түгел «тауысып», оларды талқылап, ой айтатын. Не деген оқымысты десеңізші? Қашан көрсен, қойнында кітабы жүретін. Өзге замандастары сауық қуып, кештерді жағалап кетсе, Әмірхан «қоңырайып отырмын,

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

БАЛАНЫ ЖАРАТЫЛЫСЫНА ҚАРАЙ БАУЛУ КЕРЕК

Отбасылық достар бас қосқанда көбінесе бала-шаға туралы әңгіме өрбиді ғой. Күні кеше осындай отырыстардың бірінде жоғары оқу орнында бірге оқыған дос-жарандармен дастархандас болып, қазіргі балалардың психологиясы, әдеті, мінезі жайлы талқылап, тәжірибемізбен бөлістік.

Айнұр
СЕНБАЕВА

Бүгінгінің ата-аналары, әсіресе қалалы жерлерде баласына көңіл бөлуге уақыт таба бермейді, бірақ әйтеуір түрлі үйірмелерге, спорт секцияларына қатыстыруға тырысады. Жиналғандардың бірінің баласы кәсіби түрде вокалға қатысады, бірі шахматты шебер ойнайды, енді бірі математик дегендей. Бірақ барлық ата-ананы алаңдататын бір нәрсе – балалардың смартфоннан бас алмай, өз әлемінде ғана өмір сүруі. Өйткені, жасқа толмай телефонға жармасытын бөбектердің тілі де кеш шығады, ойлау қабілеті де өзгеше. Жалпы, балалар мен ата-ана арасында тілдік қарым-қатынас аз.

Біздің балалық шағымызда әжем үнемі ертегі, жаңылтпаш, жұмбақ жасырып, немерелеріне әжентеуір көңіл бөлетін. Өз әкеміз де ұлдармен алысып, баламен бала болып ойнайтыны есімде қалыпты.

Алматылық педагог Гауһар Көшербайқының айтуынша, қазіргі балаларға ата-әженің рөлін қолындағы телефон атқарып отыр.

«Екінші сәбиімді дүниеге әкелгенде үйде жолдасым, үлкен балам, кішкене қызым төртеуіміз ғана тұрдық. Карантиннің уақыты болатын. Өзім мұғалім болған соң оқушыларға сабақты онлайн өтетім. Бір жастан асқан қызыма дұрыс көңіл аударатындай уақыт болмай қалды. Жолдасым да мұғалім, ол да таңнан кешке дейін сабақ өтеді, бос уақытында сыртқа шығып кетеді. Үлкен балам сабағын оқиды, одан қалса, телефонда ойындарын ойнайды. Кіші қызымның жасы 3-ке таяса да тілі шықпай жүргенін байқадым. Былдырлап бірдеңе айтқысы келеді,



бірақ тілі мүлде түсініксіз, айналасына назар салуы да біртүрлі. Баланың дамуында бір кеселдің барын біле салысымен дәрігер мамандарға, логопедке жүгіне бастадық. Өзім қатты күйзелдім. Өйткені, баланың өз жасына сай дамымай қалуы тікелей ата-анаға байланысты екенін қазір жақсы түсінемін. Тұңғыш балам дүниеге келгенде қолымда

науқас тәтеміз тұрған еді. Мен үй шаруасымен, өз жұмыстарыммен айналысқан кезде ұлымды тәтеміз ойнатып, сөйлесіп жүретін. Тіпті, екеуі жүгіріп, секіріп, ойнап сілесі қатып шаршап қалатын. Баланың дамуына ойынның, қарым-қатынастың маңызды екенін екі баланың дамуындағы өзгешеліктерден анық аңғардық», – дейді ол.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мөлдір ТОҚЖАНОВА,
балалар психологі:

Балаға үш нәрсені үйретіңіз

Бұрынырақта бабаларымыз әр баланы жаратылысына қарай түрлі әдістер қолдана отырып тәрбиелеген. Егер бала өте ынжық, тұйық, тыныш бала болса, ондай балаға жылқы бақтырған. Өйткені, жылқының темпераменті жоғары болғандықтан, атқа мініп, күнде жылқы бағып жүрген баланың еті тіріліп, пісе түседі екен. Ал керісінше, өте мазасыз, жыбыр, бір орында байыз тауып отыра алмайтын балаға қой бақтырған. Міне, ата-бабаларымыздың мұндай тәрбиесінде психологиялық негіз бар. Қазақы тәрбие ислам дінімен де астасады. Пайғамбарымыздың бала тәрбиесіне қатысты мынандай сүннеті бар: балаға атқа мінуді, суға жүзуді, садақ атуды үйретіңіз дейді. Мұның педагогикалық мағынасы терең. Атқа мінген бала жылқының күш-қуатын сезеді, оның бойында батылдық пайда болады. Суға жүзу арқылы бала өзге әлемді таниды, айналамен қарым-қатынасы қалыптасады, өмірге бейімделеді, ашыла түседі. Садақ ату баланың ойын жинақтауына, шашыраңқы жүрмей, жинақы болуға тәрбиелейді. Сондықтан балаларға тәрбие беру үшін жаңалық ашудың қажеті жоқ, ұлттық тамырымыздан ажырамасақ болғаны.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Бала тәрбиесіне
қатысты ғұлама
ғалымдардың кеңесі

- Баланы адал аспен тамақтандыру. Ас – амалдың дәнегі. Егер дән сапасы нашар болса, онда одан жақсы өнім шықпайды, кейде ол жердің өзін де құртып, тіпті жсарамсыз етіп тастауы мүмкін.
- Баланы көп тамақтанудан әрі ұзақ әңгімелерден аулақ ұстаңыз. Баланы азын-аулақ азыққа разы болуды, аз сөйлеп, үндемегенді құп деп, әсіресе үлкен кісілер арасында; қарапайым тамақ пен ақ киімге деген сүйіспеншілігін арттыра түсіңіз.
- Қазіргі заманға сай бір кәсіпті үйретіңіз, себебі кәсіп – жоқшылықтан сақтаушы.



ОПЕРА

МӘНГІЛІК АСЫЛ БЕЙНЕ

Абай атындағы ҚҰОБ театрында Қазақ КСР халық әртісі Бақыт Әшімованың туғанына 85 жыл толуына орай Е.Брусиловскийдің 4 актілі «Қыз Жібек» операсы көрермен назарына ұсынылды.

Бақыт Әшімова Абай атындағы ҚҰОБ театрында ұзақ жыл шығармашылық еңбек етіп, көптеген опералардағы меццо-сопранолық рөлдерді нәзік лирикалық иірімдермен байытты, ал зейнеткерлікке шыққаннан кейін театрдың опера труппасының педагог-репетиторы болып қызмет атқарған.

«Бақыт апай менің ұстазым болды. Ол кісі театр сахнасында аналардың рөлдерін сахналады. Жас ұрпақтың есінде апайымыз ақжарқын бейнесімен сақталып қалды. Бақыт апай аз сөйлеп мазмұнды, мағыналы әңгімелер айтатын. Сонау бір замандардың өзінде де тілге деген жанаушылығы жоғары болатын. Театр сахнасында қазақ тілді қойылымдардың сахналануына еселі еңбек етті. Өзінің орындауындағы шығармалардың көпшілігі қазақ тілінде шырқалған еді. Жас буынға қолдан келген көмегін көрсетіп, демеу білдіретін. Сол себептен болар, ол кісінің есімі біздің жадымызда мәңгі сақталады», — дейді ҚР еңбек сіңірген әртісі Дина Хамзина.

Өнші сахнада Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсында Дүрия, Қамқа, Дана, Жаңқа рөлін сомдаған еді. Сондай-ақ, композитор Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібегі» мен «Ер Тарғынында», Қарлығаш, Люба А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абайы» мен «Төлеген Токтаровында», М.Төлебаевтың «Біржан-Сарасында», Дж.Пуччинидің «Чио-чио-санында» Сузуки рөлдері Әшімованың сомдауында мүлде жаңа қырынан ашылды.

«Бақыт апайымыз жайлы айтқанда оның операда сомдаған рөлдерін көп айтамыз. Алайда, менің айтқым келетіні, халықтың құлағында сақталып қалған әндерді жарыққа шығаруда еселі еңбек еткен еді. Ол кісінің орындауындағы эстрадалық әндер алтын қорда сақталып қалары сөзсіз», — дейді ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Опера труппасының көркемдік жетекшісі Болатбек Бөкенов.

Б.Әшімова өнерінің екінші қыры — камералық әншілігі. Ол Н.Тілендиевтің «Куэ бол», «Махаббат мұңы», «Күндер-ай», «Жүрегім менің», «Саржайлау», «Сөнбейді, әже, шырағың» және Е.Рахмадиевтің «Бала ғашық» әндерін алғаш рет орындап, қалың жұртшылықтың ықыласына бөленді. Б.Әшімованың шәкірттері Қазақстан қалаларында ғана емес, шет елдерде де жемісті еңбек етіп, өнер көрсетуде.

Бақыт Әшімованың көпшілікті сүйсіндірген әсем дауысы, табиғи шеберлігі классикалық және халықтық музыканы сүйетін көрермендерінің жүрегінде мәңгі қалары сөзсіз.

«STRANGER»

Димаштың жаңа шоуы

Арменияның ірі кешендерінің бірінде Димаш Құдайбергеннің «Stranger» шоуы өтеді, деп хабарлайды dimashnews.com сайты.

Димаш Құдайбергеннің жеке концерті 29 сәуірде өтеді деп жоспарланып отыр.

Жаңа ауқымды шоу Карен Демирчян атындағы спорттық-концерттік кешенде қойылмақ. Бұл — Еревандағы ең ірі концерттік кешендердің бірі. 2005 жылы нысанды жаңарту қолға алынып, ол үш жылда заманауи жоғары деңгейлі спорттық және концерттік аренаға айналды. Дыбыс жүйесі жақсартылып, 12 мың көрерменге арналған трибуналар орнатылды. Бұл кешен — шын мәнінде бірегей құрылым, өйткені көрермендер ареның кез келген бөлігінен әртісті жақыннан ести алады. Стадионның пішіні көрермен үшін де, орындаушының өзі үшін де өте ыңғайлы.

БАЛАЛАР ҚОЙЫЛЫМЫ

ҚУЫРШАҚТАР да ой салады

Былыр Балалар жылына орай еліміздің бірқатар театрында кішкентай көрермендерге арналған қойылымдар ұсынылған болатын. Мәселен, бір ғана Алматы мемлекеттік қуыршақ театрында ұлттық құндылықтарымызды ұлықтайтын, қазақы болмысымызды айшықтайтын бірнеше спектакльдің тұсауы кесілген. Ал Ғабит Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театры балаларға арналған спектакльдердің бірлі-екісін көрерменге ұсынды.



Түрлі ғибратты әңгімелер, аңыздар мен ертегілерді ұсыну арқылы бүлдіршін жаны ізгілікке, рухани тазалыққа толады. Ал ондағы оқиға желісі мен кейіпкерлер іс-әрекетін саралау барысында жас жеткіншек жақсы мен жаманның аражігін ажыратып, өзіндік пікір қалыптастырып үйренеді. Алматы мемлекеттік қуыршақ театры көрермендердің бос уақыттарын тиімді де пайдалы өткізу мақсатында тәрбиелік, тағылымдық маңызы зор танымдық ертегілермен репертуар қоржынын толықтыруды басты мақсат санайды. Солардың ішінде «Ұр, тоқпақ!» қойылымы жаңаша режиссерлік ұтқыр шешімдермен өзгелерден озық бола білді. Спектакльдің басты ерекшелігі — қуыршақ кейіпкерлердің сан қырлылығында.

«Ұр, тоқпақ!» қойылымының қоюшы-режиссері — Еркебұлан Қабдыл. Режиссер небәрі төрт әртіс арқылы әртүрлі мінез-құлыққа, дауыс ырғағына ие түрлі кейіпкерлерді оқиға желісіне тоғыстырып, ұтқыр шешімдермен толықтырған. Қойылым барысында көрермендер тек қана оқиғаны тамашалап қана қоймай, жүргізушілермен бірге түрлі интерактивті ойындарға қатысып, әртістермен бірлесе әуезді ән шырқап, ұлттық күйлерден қуат алып, көңілді билерге куә болады.

Сондай-ақ, театр сахнасында американдық жазушы Эрнест Хемингуэйдің үздік туындыларының бірі — «Шал мен теңіз» шығармасы тұңғыш рет қуыршақ бейнесінде тіл қатты. Әлем әдебиетінде үздік шығармалар қатарында өзіндік жаңаша бағыты мен астарлы тақырыптарды қамтыған аталмыш туындының ең басты ерекшелігі — қуыршақ образдарының жиынтығында болды. Көрермендерге жастайынан жете таныс ертегілердің бірі болған «Жеті лақ пен қасқыр» ертегісі де театр қоржынын толықтырған еді. Сонымен қатар, Қуыршақ театры батырлық, батылдық, достық, адамгершілік, бауырмалдық пен әділеттілік сынды ізгі қасиеттерді қалыптастыратын халқымыздың мағынасы мен астары терең «Ер Төстік» қойылымымен репертуар қоржынын толықтырып отыр.

Көрермен әрбір кейіпкерден өзгеше күш пен таңқаларлық қабілетті байқай келе, олардың бір ғана мақсатқа — жақсылық пен әділдікке үндейтін арман-тілегін сезінуге мүмкіндік алады.

Қойылымда ұлттық наным-сенімдер, салт-дәстүрлерден көрініс беретін сахна декорациялары мен реквизиттер, қуыршақтардың жасалу техникасы мен қимыл-қозғалыс ерекшеліктері

шығармашылық құрамның әрбір детальды басты назарда ұстай отырып, жас көрермендерге аса бай мәдениетіміз бен асыл мұрамызды дәріптеуді мақсат еткенін аңғаруға болады.

Ал Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрында мектеп оқушыларына арналған «Әріптер әлеміне саяхат» атты спектакльдің тұсауы кесілді. Жас бүлдіршіндер «сөйлемдер неден құралады, дыбыстар ше?» деген сауалдарға жауап алады. Сөйлеу тіліміз — сөйлемдерден тұрса, сөйлемнің сөздерден, сөздің — дыбыстан құралатынын, дыбыс әріппен таңбаланатынын қойылым арқылы жақсы біле бастайды.

Қойылымда әріптер де сөйлейді, өзара талас-тартысқа түседі, олардың іс-әрекеттерінен ешкім ешқашан ештеңеге, әсіресе, жаңа бастамаларға бей-жай қарай алмайтынын аңғаруға болады. Тіл — қарым-қатынас құралы. Латын әліпбиіне көшу — қазақ тілінің халықаралық дәрежеге көтерілуіне жол ашады. Театр әлемдік кеңістікке бастар жол — латын әліпбиіне көшудің тәй-тәй қадамдарын жасап жатқанын көруге болады. Сондай-ақ, ұжым балаларға арналған «Ойнайық та, ойлайық...» атты ертегіні ұсынған. Біз — ересектер, қай жаста, өміріміздің қай кезеңінде болсақ та, балалық шағымызды әрдайым сағынумен, оған ойша «барып қайтумен» боламыз. Бала кезімізді, ондағы қызықтың бәрін ұмыту мүмкін емес. Еркін де шынайы, адал да таза, еш уайымсыз — албырт, тәтті де бейкам шағымызға сапар шектірер бұл ертегілік қойылым көрерменді ұмытылмас кездерге шегініс жасатады.

Сонымен қатар, қойылым барысында бүлдіршіндер халқымыздың қанатты сөздері, мақал-мәтелдері арқылы адамгершілік асыл қасиеттерді бойларына сіңіріп, рухани бай, көркем мінезді тұлға болып қалыптасуға үндейтін іс-әрекеттерге атсалысады. Қазіргі таңда мәдениет ошақтарында халқымыздың тамырлы тарихы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары мен ұлттық құндылықтарын насихаттайтын татымды туындылар қатарын көбейту, сол арқылы жас буынды ұлтжандылыққа, отансүйгіштік пен батырлыққа, қайсарлыққа үндеу, ұлттық сана-сезімді дамыту, отандық шығармаларды дәріптеу мақсаты кеңінен қолға алынуда.

Кішкентай көрермендеріміздің қойылымды тамашалау арқылы қуыршақтардың түрлерімен, ертегілермен танысып, олардың сан қилы мүмкіндіктеріне, қимыл-қозғалысына, кейіпкерлердің ерекшеліктеріне қанық болып жүрген жайы бар.





БРИФИНГ

МЕКТЕП ФОРМАСЫНА
ТАЛАП ӨЗГЕРДІ

(Басы 1-бетте)

Жалпы, мектеп оқушысының бет-бейнесін айшықтайтын мектеп формасы бұрынғы калпында, тек оған белгілі бір өзгерістер ғана енгізіліп отыр.

Мәселен, жаңа талап бойынша қыздар үшін де, ұлдар үшін де мектеп формасына түймелері немесе сыдырмасы бар трикотаж кардиган/күрте, поло жейде немесе тенниска қосылып отыр.

Сонымен қатар, ендігі жерде ер балаларға арналған мектеп формасына:

- пиджак, жилет, шалбар, меркелік жейде, күнделікті жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қыс мезгілінде: трикотаж жилет, во-

долазка). Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұратын болады.

Ал қыз балаларға арналған мектеп формасына:

- пиджак, жилет, белдемше, шалбар, классикалық жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы уақытта: трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұратын болады.

Өз кезегінде Нұрғұл Тауқызы мектеп оқушыларының меркелік формасына қойылатын талаптардың (ұлдарға ақ көйлек, қыздарға ақ блузка) алынып тасалғанын жеткізді. «Сондай-ақ,

мектеп оқушылары үшін галстук тағудың да міндетті элемент емес, мектеп формасына орта білім беру ұйымының ерекшелік белгілерін (белгілер, тігіспелер, шеврон және басқа) орналастыруға рұқсат етіледі, – деді.

Сонымен қатар, мектеп формасына арналған маталар ретінде сапасы жақсартылған, тез тозбайтын, бактерияға қарсы, микробқа қарсы және антистатикалық қасиеттері бар жартылай жүн және мақта маталарды қолданғанның жөн екенін де ескертті.

Сонымен қатар, Алматыдағы білім мекемелерінде биылдан бастап мектеп формасына қойылатын талаптардың өзгеруіне байланысты ата-аналар арасында түсіндіру жұмыстары басталмақшы.

ГРАНТ

Білім грантын жеңіп алу әркімнің өзіне байланысты. Ең алдымен, ізденіп, сапалы білім алуға тырысу керек. Білімге арналған уақытты білімге жұмсау қажет. Осы орайда ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Алтай Көлгінов білім құны артқан жағдайда қазақстандықтар үшін жоғары білім қолжетімділігін қалай жасауға болатындығы туралы айтқан еді.

БІЛІМГЕ ҚАРАП
БАҒАЛАУ КЕРЕК

Дегенмен, бізде мемлекеттік гранттар бар. Ол қажеттілік деңгейінде жыл сайын бөлінеді. Педагогикалық, медициналық, ауыл шаруашылығы, IT, не басқа сала мамандықтарына мемлекеттік грант үнемі қамтамасыз етіледі.

– Мемлекеттік грантқа ие болу үшін жақсы оқу керек. Бұл – ең алдымен педагогтарға, сосын оқушыларға жүктелетін міндет.

Жалпы, грантқа лайық болу үшін жақсы оқу қажет. Қалай болса солай грантты тарату дұрыс емес. Егер адам нашар оқыса, әрі қандай да бір жолмен диплом алса, онда ол ертең еңбек нарығында сұранысқа ие болмайды. Сапалы білімге назар аударған жөн. Мемлекеттік қолдау грант беру арқылы қамтамасыз етіледі, – деді Алтай Көлгінов.

МЕКТЕП МӘЗІРІ

ОҚУШЫЛАР ТЕГІН
ТАМАҚТАНАДЫ

Алматыдағы барлық мемлекеттік мектептерде оқитын бастауыш сынып оқушылары тегін тамақпен қамтамасыз етіліп отыр. Бұл – оқушылар үшін де, олардың ата-аналары үшін де үлкен көмек.



Дәл қазір Алматы мектептерінде оқып жатқан оқушылардың 45%-ға жуығы, яғни 133 мың

оқушы мектепте тегін тамақтануда. Бұл мақсатқа қалалық әкімшілік тағы да жергілікті бюджеттен 5,3 миллиард теңге бөліп отыр.

Сонымен қатар, биылдан бастап азық-түлік құны 560 теңгеден 800 теңгеге дейін көтерілді. Нақтырағы, 2023 жылғы қала бюджетінің 18 миллиард теңгеден астамы осы мақсатқа жұмсалатын болады. Сондай-ақ, оқушылардың маусымдық және жас ерекшеліктерін ескере отырып, қаланың барлық мектептеріне арналған 4 апталық ас мәзірі бекітілген.

БАСТАМА

ТӘРБИЕ БАР ЖЕРДЕ
БІЛІМ БАР

Білім әлемі тағы бір жақсы жаңалықпен толықты. Бұдан былай «Қазақстанның Еңбек Ері», «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» атақтарын алған еңбек ардагерлері жас ұрпақ тәрбиесіне етене араласып, мектепті басқару мәселелеріне қатысатын болады.

Бұған қоса, білім берудегі тәуелсіз кәсіби сарапшылар институтының жұмысы да кеңінен дамығалы отыр. Қолға алынып жатқан бастамалардың барлығы да ұрпақ тәрбиесі үшін, болашақта еліміздің бәсекеге қабілеттілік танытуы үшін қажет екені анық. Әрине, бұл ретте педагогтың жо-

ғары мәртебесі жас мамандардың тәжірибе жинақтап, білім сапасын жақсартуға қызмет ететіні белгілі.

Сонымен қатар, бұдан былай еліміз бойынша Президент кадр резервіне ұқсас білім мекемелері басшылығына болашақ кандидаттардың республикалық дерекқоры да құрылатын болды.

ҚАУІПСІЗДІК

БЕЙНЕБАҚЫЛАУМЕН
ТОЛЫҚ ҚАМТЫЛҒАН

Бүгінгі таңда Алматыдағы барлық мектеп бейнебақылау камерасымен толық қамтылған. Бейнебақылаудың арқасында қылмыс түрлері ашылып, қылмыскерлер құрықталып жатыр. Қысқасы, бейнебақылау біздің өміріміздің бір бөлігіне айналып отыр.



Дәл қазіргі уақытта осы бейнебақылаулардың жұмысы жіті қадағаланып, жауапты мекемелер басты назарға алып отыр. Сонымен қатар, Ішкі істер министрлігі бейнебақылау камераларының жұмысын қадағалап, материалдарды алу және зерттеу бойынша бірлескен жұмыстарға кірісіп

жатыр. Бұл ретте ең алдымен қауіпсіздікті қамту мақсатында мектептердегі күзет қызметіне ерекше мән берілетін болды. Яғни мектептердегі қарауылдық-ты кәсіби күзет түріне ауыстырып жатыр. Аталған мәселе бойынша жыл соңына дейін кәсіби күзет, турникет және дабыл түй-

месін орнату толық аяқталуы тиіс. Сондай-ақ, сырттағы мектеп әжетханаларын ішке кіргізу жұмыстары да жалғасып жатыр. Елімізде 30-ға жуық мектептің әжетханасы далада орналасқандықтан, қазір оларды ішке көшіру жұмыстары жүргізілуде. Алматыда мұндай мектептер жоқ.

ТӘРБИЕ ДЕГЕН БІР ТӘҢІР

БАЛАБАҚШАЛАР САНЫ
АРТЫП КЕЛЕДІ

Жыл өткен сайын тұрғындар тарапынан мектепке ғана емес, мектепке дейінгі мекемелерге деген сұраныстар да арта түсуде. Мәселен, өткен жылы 39 мыңға жуық орынға арналған 458 балабақша пайдаланылуға берілген еді.

Сонымен қатар, жекеменшік балабақшалардың 93%-ына мемлекеттік тапсырыс берілді. Осындай жүйелі жұмыстардың нәтижесінде 2–6 жасар балаларды тәрбие-біліммен қамту 89,4%, ал

3–6 жастағыларды қамту – 99,4% артып отыр. Жалпы, балабақшаға барған бүлдіршіндерге мектеп бағдарламасын игеру оңайға түседі. Былтырғы жылы мектепке дейінгі мекемелерге арналған

мемлекеттік стандарт бекітілді. Осы жұмыстың арқасында балалардың дағдыларын, зерттеу қызметін дамыту және дамытушы орта құру үшін оқу және ойын материалдарының тізбесі бекітіліп, қолданысқа енгізіле бастады. Яғни мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жаратқызыру нормалары жасалып отыр.

Бетті дайындаған
Рая ЕСКЕНДІР.



ҚОЛДАУ

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» қоры 130 науқасты қымбат дәрімен қамтамасыз етті

«Қазақстан халқына» қорынан 130 науқасты аса қажетті дәрімен қамтамасыз ету үшін 15,3 млрд теңге жұмсалған. Бұл туралы аталған Қордың баспасөз қызметі хабарлады.



Қор 15,3 млрд теңгеден астам қаржыға сирек әрі созылмалы аурулары бар 130 науқасты дәрілік заттармен қамтамасыз етті. Олардың 118-і – орфандық ауруға шалдыққан науқастар.

Барлығы 20 түрлі дәрі сатып алынған. Олардың ішінде жұлын бұлшықет атрофиясы бар балаларға қолданылатын әлемдегі ең қымбат дәрілік зат – «Золгенсма» («Онасемноген абепарвовек») бар. Онкологиялық және онкогематологиялық дерті бар пациенттерге, сондай-ақ Дюшеннің бұлшықет дистрофиясы, муковисцидоз, туа біткен липодистрофия, жүйелі қызыл жегі, өкпенің лимфангиолейомиоматозы, эпилепсияның сирек және фармакорезистентті түрлері, тұқым қуалайтын ангионевротикалық ісіну, жасөспірімдердің идиопатиялық артриті, пароксизмальды түнгі гемоглобинурия ауруы, атипті гемолитикалық-уремиялық синдром сияқты диагноздары бар емделушілерге арналған дәрі-дәрмектер сатып алынды.

Қор тарапынан қолдау көрген балалардың бірі – Таира Мұхтар. Нейробластома диагнозы қойылған балаға ремиссияға шығу үшін «Карзиба» («Динутуксимаб бета») препараты беріліп, иммунотерапия курсынан өтіп жатыр. Дәрінің 1 құтысының бағасы – 6 898 600 теңге. Таираның емдік курсы үшін 25 құты сатып алынды. «Карзиба» – Қазақстанда тіркелмеген, ауыр түрдегі нейробластоманы емдеуге арналған қымбат дәрі.

Еске салсақ, «Қазақстан халқына» қоры ауыр сырқаттары бар науқастарды елімізде тіркелмеген және Қазақстандық ұлттық дәрілік формулярға, сондай-ақ ұлттық емдеу хаттамаларына енгізілмеген дәрілік заттармен қамтамасыз ету міндеттемесін алған. Бүгінгі таңда Қор жасалған келісім-шарттар немесе келіссөздер жүргізу аясында 124 емделушіні өмірлік маңызды препараттармен қамтамасыз ету жұмысын жалғастырып жатыр.

БӘРЕКЕЛДІ!

ШАЛА ТУҒАН БӨБЕК «БӨЛМЕСІ»

мегаполис перзентханаларына
заманауи кувездер сыйға тартылды



«Rotary International» халықаралық қауымдастығының бөлігі саналатын «Rotary Club Almaty» «Өмір салмағы» бағдарламасы аясында Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығына, сондай-ақ Алматы қалалық Перинаталдық орталыққа ең жоғары технологиямен жабдықталған екі кувез сыйлады.

– Алматыда жыл сайын 4 мыңға жуық нәресте шала туады. Олардың кейбірінің дене салмағы өте төмен болады. Сондықтан ондай нәрестелердің денсаулығына аса қауіп төнеді. Өмірінің алғашқы минутынан бастап олар ерекше әрі тұрақты күтімді қажет етеді. Тек осындай кувездердің арқасында шала туған бөбектерді адам қатарына қосып жатамыз. Ана мен баланы қолдау еліміз үшін басты басымдықтардың бірі болып табылады және бізді «Rotary

Club Almaty» өкілдерінің әрдайым осылай қолдап жүретіні қуантады, – дейді Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Назгүл Иманғалиева.

Жаңа инкубаторлар, яғни сәби жататын кувездер температура мен ылғалды тұрақты түрде бақылауға мүмкіндік береді және аппаратты ашқан кезде қоршаған ортадағы өзгерістерді бірден қалпына келтіре алады. Сонымен қатар, аппарат дене температурасын, импульсті, қанның оттегімен қанығуын және басқа параметрлерді бақылауға қауқарлы.

Айта кетейік, «Өмір салмағы» жобасын «Rotary Club Almaty» алғаш рет «Imagine Rotary» 2022-2023 президенттік ротариан жылының жаңа курсына сәйкес, орталық және жергілікті атқарушы органдармен тиімді байланысты, ынтымақтастықты дамыту мақсатында «Глобал грант» бағдарламасы аясында жүзеге асырып отыр. Осыған орай, 2022 жылғы 21 қазанда «Rotary Club Almaty» пен Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы арасында мегаполисте балалар денсаулығын сақтауды нығайту бойынша «Стратегиялық серіктестік туралы меморандумға» қол қойылған болатын. Алғашқы нәтижесі, міне, осындай.

МӘМС

2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға төленетін жарналар мен аударымдар мөлшері өзгерді. Сонда биыл кім қанша жарна төлейді? Жарна көлемінің өзгеруіне не түрткі болды? Бұл сауалдарға Медициналық сақтандыру қорының Алматы қаласы филиалы директоры Тілеухан Әбілдаев жауап берді.



БИЫЛ КІМ ҚАНША ЖАРНА ТӨЛЕЙДІ?

«2022–2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңда ең төменгі жалақы (ЕТЖ) мен айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшері белгіленген болатын. Ол бойынша биыл ең төменгі жалақы – 70 000 теңге, ал айлық есептік көрсеткіш – 3450 теңгені құрап отыр.

Филиал басшысы жарна төлеушілердің бірнеше санатын атап өтті. Біріншісі – мемлекет тарапынан сақтандырылатын 15 жеңілдік санаты. Оған балалар, зейнеткерлер, ҰОС ардагерлері, барлық топтағы мүгедектер, «Алтын алқа», «Күміс алқамен» марапатталған көпбалалы аналар, жұмыс істемейтін жүкті әйелдер, декретте отырған аналар, мүгедек бала күтіміне байланысты жұмыс істемейтін азаматтар, студенттер, т.б. кіреді. Жеңілдік берілген халықтың жалпы саны 11 миллионға жетіп жығылады.

Атап айтқанда, биыл жұмыс берушілер қарамағындағы қызметкерлер үшін бұрынғыша, жалақының 3% мөлшерінде аударым жасайды. Төлемнің шекті мөлшері 10 ЕТЖ немесе 21 мың теңгеден аспайды. Жұмыс беруші аударымды өз қалтасынан төлейді. Ал жұмыскерлер жалақысынан 2% ұстап Қорға аударды. Жарнаның шекті мөлшері 10 ЕТЖ немесе 12 мың теңгеден аспауы тиіс.

Одан кейінгі санат – жеке кәсіпкерлер. Нотариустар, жеке сот орындаушылары, адвокаттар да осы санатқа кіреді. Олар бұрынғыша 1,4 ЕТЖ-ның 5%-ын төлейді. Биыл ең төменгі жалақының өсуіне байланысты бұл сома 4900 теңгеге жетті.

Азаматтық-құқықтық келісім-шарт бойынша еңбек ететіндер сақтандыруға бұрынғыша табысының 2%-ын аударды.

«Қазақстанда өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар бар. Олардың жалпы саны 1 миллионға жуықтайды. Бұл азаматтар сақтандыру жүйесіне қосылу үшін екі түрлі әдісті пайдаланса болады. Біріншісі – дербес төлеуші ретінде бір ЕТЖ-ның 5%-ын немесе 3500 теңге төлеу. Екіншісі – бірыңғай жиынтық төлем төлеу. БЖТ қала тұрғындары үшін – 1 айлық есептік көрсеткіш, ал ауылда 0,5 АЕК көлемінде белгіленген. Биыл 1 АЕК 3450 теңгені құрайды», – деді Тілеухан Әбілдаев.

БЖТ төрт түрлі міндетті төлемнен тұрады: жеке табыс салығы; Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төленетін әлеуметтік төлемдер; зейнетақы жарнасы; МӘМС жарнасы. Сақтандыру жүйесіне қатысты толығырақ мәліметті 1406 бірыңғай байланыс орталығынан алуыңызға болады.

ӨЗЕКТІ

ДАБЫЛ ҚАҒАМЫЗ: шұғыл шара керек!

Соңғы бес жылда синтетикалық есірткі тұтынатын балалар мен ересектер саны 14 есе артқан. Бұл туралы «Ашық» НҚА порталында жарияланған 2023–2027 жылдарға арналған мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасы туралы құжатта көрсетілген.

«2022 жылғы 1 шілдедегі дерек бойынша психоактивті заттарды пайдалану салдарынан «психикалық мінез-құлық бұзылыстары» диагнозы қойылып, бақылауға алынған 18 бен 29 жас аралығындағы 6 мыңнан астам қазақстандық бар. Олардың 46%-ы есірткі және психотроптық заттарды қолдану салдарынан осы халге душар болған. Синтетикалық есірткілерді тұтынатын адамдар санының айтарлықтай өсу үрдісі байқалады. Бес жыл ішінде бұл контингент балалар мен ересектер арасында 14 есе өсті. Қазақстан жастары арасындағы аса маңызды әлеуметтік проблема – суицидтің таралуы.



Дүниежүзілік денсаулық сақтау мәліметі бойынша 2019 жылы Қазақстан елдер арасында суицид деңгейі бойынша 20-шы орында. 2019 жылы 3738 суицид жағдайы тіркелді», – делінген құжатта.

Тұжырымдамада жазылғандай, соңғы бес жылда 15–17 жастағы жасөспірімдер арасында қайғымен аяқталған суицидтер саны 13,3 пайызға, ал өз-өзіне қол жұмсауға оқталу дерегі 37,1 пайызға өскен.

ЖЕР-ЖАҒАН

КОВИД ӘЛІ ДЕ ҚАУІПТІ

ҚЫТАЙ жерінде коронавирустың «омикрон» штамының жаңа нұсқасы пайда болыпты. Бұл штамм 10 науқастан анықталып отыр. Ол тез таралатындығымен қауіпті. Алайда, медицина сарапшылары «Алаңдауға негіз жоқ, елдегі коронавирустық мутацияларды өте мұқият қадағалап отырымыз. Таралып жатқан күннің өзінде біз әрекет етуге дайынбыз» дейді.

БРИТАН ғалымдары барлық вирусты анықтайтын тест ойлап табуды көздеп отыр. Яғни жаңа пандемиялар туралы ертерек білуге болады дейді олар. Британдық ғалымдар қауіпті вирустарды алдын ала анықтайтын жүйе жасауды қолға алғалы жатқан көрінеді.

ЖАПОНИЯ елінде кейінгі тәулікте коронавирустан 500-ден астам адам қайтыс болған. Бұл пандемия басталғалы тіркелген ең үлкен бір күндік көрсеткіш деседі. Көз жұмғандардың көбі қарт кісілер.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.



● ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

«СПОРТ ДЕГЕН БІР СИҚЫР»

ел абыройын асқақтатып, жүлде қорын молайтқан сайыс түрлері жетерлік

Тәуелсіздік бізге көп жеңісті күндер сыйлады. Жақсы кезеңдер орнауда. Қанша жерден сәтсіздік болып қалса да, спортшыларымыз дүбірлі додаларда атой салып жүр. Осылайша оғандарымыз ел мерейін байрақты бәсекелерде үстем етіп келеді.



Дүние жүзі көз тігетін ғаламдық сайыстар бар. Олар FIFA, UEFA, Универсиада, Олимпиада және тағы да басқалар. Бұларға барша әлем көз тігеді. Тіпті, АҚШ, Мексика, Бразилияда дүбірлі жарыстар өтсе де, жанкүйер ретінде арнайы баратындар баршылық. Сөйтіп, өзі ұнатқан спортшы немесе сүйікті құрамасына тілеулес болады. Сан мыңдаған көрермен сиятын стадиондарды толтырады. Арнайы үлкен қағазға, матаға қолдау сөздер жазады. Тіпті, эмоцияға ерік беріп, алаңға шығып кететіндер қаншама. Қалай айтсақ та, спортқа жаны құмар адам бәріне дайын. Әлем біріншіліктері қай жерде болады. Нағыз фанаттар сонда. Өздерінің сүйікті фавориттерін бір көруге, ойынын тамашалауға сонша асық болады. Ондай жандар бар тірлігін қойып, жарысты қызықтайды. Былай зер салып қарасаңыз, қай сайыс болмасын көркін ашатын басты екі тарап бар. Ол – спортшы мен көрермен. Сондықтан да бүкіләлемдік бақ сынаулар екеуінсіз өтпейді. Коментатордың жөні бір бөлек. Олар одан сайын қызықты етіп, болып жатқан сәтті жадырата түседі. Осындай қажетті атрибуттар арқасында алпауыт деңгейдегі жарыстар қызу әрі көзтоймайтын ғажап оқиғаларға толы өтеді.

Қазақ елі дербестік жылдары төртжылдықтың басты бәсекелеріне қатынасып келеді. Ең алғаш 1994 жылы ресми түрде қатысыпты. 2011 жылы алаулы ақ Азиаданы өткізді. Универсиададан да кенде емес. Тек футболдан әзірге орайы келмей тұр. Ал футзалдан рейтинг бойынша 10 үздіктің сапындамыз. Осы ретте елімізге ең жақын, ең қолайлы, ең кәделі, спортшыларымыздың бейімі, ыңғайы, ебіне сай спорт түрлерін атап өтуді жөн көрдік.

БОКС

Бокс – мықтылардың ордасы. Мұнда шәлкестікке жол жоқ. Жеңіліңіз немесе ұтқаныңызды жұрт көріп отырады. Сондықтан кімнің атой салғанын аңғаруға болады. Алайда, бәрі біз ойлағандай болмауы да ықтимал.

Қазақ текті халық. Баласын жастайынан ат жалын тартып мінуге баулиды. Батыр болуға ықпал жасайды. Олай етпесе опық жейтінін ұғынған. Анталаған жаулар жағадан алмас үшін, атұстарларының тәрбиесіне мықты болған. Осы дәстүрдің ізі әлі жалғасуда. Мүлде өшті деп айта алмаймыз. Жыл өткен сайын әр ата-ана баласын спортқа беруде. Қолдағы қаржысын да аямауда. Өз перзентінің физикалық тұрғыда

мықты болғанын қалайтындар көп. Сондықтан боксқа жетелейді. Мейлінше соққы жасап, өз-өзін қорғауды білгенін ойлайды. Онысы дұрыс-ақ.

Қазақ оғандары қай Олимпиададан болсын жүлдесіз оралмайды. Әрдайым биік белестен көрінуге тырысады. Бізді егемендік алған тұста Бекзат Саттархановтай ағамыз әлемге танытты. Небәрі 20 жасында Сидней Олимпиадасының алтын медалін ұтты. Қазақстанды баршаға мәшһүр етті. Осы күні АҚШ-та Қанат Ислам, Геннадий Головкиннің атағы дүрілдеуде. QAZAQ STYLE әлемге танылуда. Қазақтың бокс спортының брендіне айналып келеді. Оны баршаға паш етуде. Мұның авторы Жәнібек Әлімханұлы. Жастар арасындағы титулдың барлығын Садриддин Ахметов иеленуде. Осыдан-ақ біздікілердің осы спортқа бір бүйрегі бұрып тұратындығын байқаймыз.

КҮРЕС

Өмірдің өзі күрес. Осыны әрдайым жадымызда ұстаймыз. Бұл айнымас қағидаға айналып барады. Ал біз шынайы күресті тілге тиек етіп отырмыз. Бұдан талай жеңістерді көріп жүрміз.

Күрес десе, делебеміз қозып тұрады. Осы сөздің баламасы басқа спорт түрлеріне ауысса игі еді. Әзірге үмітті үзбейміз. Грек-рим күресінен 1980 жылғы Мәскеу Олимпиадасының чемпионы Жақсылық Үшкөмпіровті білмейтіндер аз болар. Дәулет Тұрлыхановтың да қазақ спортының абыройының дүрілдеуіне қосқан ісі елеулі. Енді неге көпшілік осыған құмартатынына назар аударайық.

Адамның атағын шығаратын спорттың бәрі жақсы. Көзге көрініп, елге елеулі болғанға кім қызықпасын?! Әрине, осыны ескеріп, әйгілі болуды көксейтіндер жетеді. Кейбірі ауыр тұрмыстан арылуды көздейді. Қаржылық қыспақтан құтылудың тікелей жолы деп түсінеді. Сондықтан жастайынан жүлдеге жақын жүреді. Бозкілемде жамбасы жер иіскемес үшін барын салады. Жарақат алса да, қайта оңалады. Өз-өзін алға сүйрейді. Ақыр соңында мықты спортшыға айналады. Осындай ақ пен қарасы қатар араласқан салада өзін мойындатады. Әйтпесе, байрақты бәсекелерге жолдама алу мұң екендігін білеміз. Бір жағынан ұлттық геннің де қасиеті бар. Мұның да әсері жоқ емес деп білеміз.

Елімізге кәделі спорттың бірі осы күрес. Балуандарымыз жанкүйерлерін қуанытып-ақ келеді. Ендігі биік – Олимпиадалық

жүлде. Алтыннан алқа тағыну бәрінен маңызды.

ЕРЕЖЕСІЗ ЖЕКПЕ-ЖЕК

Ережесіз жекпе-жектің жанкүйерлері артууда. Әлемде мұның бәсі артып барады. Мұны көпшілік өз күштілігін, мықтылығын, айбындығын бірден-бір дәлелдейтін сайыс деп ұғады.

Көшпелілер аймастан қайтпаған. Жекпе-жек өнерін жетік меңгерген. Намысты қолдан бермеген. Бүгінгі ұрпақтары да ешкімге дес бермеуде. Әсіресе, тау халқының мықтыларын мойындатудан қайтпайды. Хабиб, Зубайра талай мәрте біздің елде болды. Жекпе-жекті көрді. Кейбірі осында сайысты. Дейтұрғанмен, Арман Оспанов, Қуат Хамитов, Шавкат Рахмоновтардың есімі аңызға айналып барады. Сырт елдегі қандастардан Дамир Исмағұлов дарабоз атанып жүр. Әрбірінің өзіндік лақап аты бар. Тіпті, өнер саласында жүрген жігіттеріміз де сан қырлылығын танытуда. Дәлірек, Еркебұлан Токтар, Аян Өтепберген сынды бауырларымыз «Жігітке жеті өнер де аз» дегенді дәлелдеп жүр. Осыған қарап, қазақ рух пен күштің үйлесімін тапты дей аламыз.

Көпшіліктің көкейінде түрлі сауал баршылық. Соның негізгісі осы салаға қатысты. Себебі, жаттығу залдарына барып, аралас спорт түрлерін меңгере қою оңай емес. Оған жастайынан араласу қажет. Ұдайы шыңдалуды талап етеді. Егер де неңізге абайсызда қатты соққы тисе, майып болып қалуыңыз мүмкін. Осының бәрін ескергенде ең қауіпті спорт түрі деп бағалаймыз. Бұл ресми қаржыландырылмайды. Жүлде тағайындау қоры да солай. Тек аухатты демеушілерге иек артады. Солардың арқасында қомақты сыйлықтармен марапаттайды. Бір жағынан бұған тігіліп жатқан жүлде де аз көрінбейді. Осыған қызығушылар саны жыл санап артууда. Көпті таңқалдырған білекті, мінезді жігіттер оқтағода талай рет абыройымызды көтереді деп иланайық.

КӨКПАР

Ұлттық спортты көтеру бәрімізге парыз. Оны ұлықтап Олимпиадаға енгізе алсақ, нұр үстіне нұр. Осы бағытта жасалып жатқан шаруалардың шеті де байқалады. Бұйырса, ат спортын ғалам мойындап қалар.

Жапон, тайланд, корей, вьетнам халықтарының сумбо, таэквандо, джи-джитсу сынды спортын барша жұрт біледі. Дүбірлі сайыстар көз тартады. Жұртты еліктіреді. Бәрі жекпе-жек өнерінің майталманы болғысы келеді. Өлгі елдер өздерінің кино индустриясы арқылы өз ұлтының құндылығын дәлелдеп қойған. Брюс Ли, Джет Ли, Джеки Чан, Ом Пак сияқты т.б. киножұлдыздарды білмейтіндер кемде-кем. Осыларды құтты шығыс жекпе-жегінің үлгісі деп қаласыз. Шын мәнінде, әркімнің өзіне тән қасиеті болады. Бірақ жоғарыда аталғандар өздерін өзгелерге телеэкран, бүгінгі ғаламтор, әлеуметтік желі арқылы насихаттауды жалғастыруда. Ескеретін-ақ жағдай.

Көкпар көшпелілер дүниетанымына ортақ құндылық. Ат үстінде ойын көрсету нағыз ептіліктің айнасы. Қазіргі таңда түбі бір түркі халықтарының ұлттық спортына балануда. Шабандоздар бірінен соң бірі салым салудың көкесін көрсетуде. Қазандықтар жаңарып, нағыз сәйгүліктер баптауда. Бұған ауқатты азаматтарымыз қолдау білдіруде. Кейде қымбат көліктер, бағалы заттар, құнды марапаттар, пәтер тігіп те жатады. Бұл оң өзгерістің бастауы ғана. Алдағы уақытта нәсіп болса, халықаралық деңгейден асып, Олимпиада дәрежесіне жетер. Жақсылықтан үміттенейік, соған қызмет етейік.

● ТҮЙІН

Спорттың түрі көп. Соның ішінде көзге елене бермейтіндері жетерлік. Бірақ ол жағсына құлық танытпай келеміз. Әрдайым АҚШ, Қытай, Канада, Жапония байрақты бәсекелердің алдын бермейді. Өйткені, олар кәделі спорт түрлерін мықтап қолға алған.

Батыр Бауыржан Момышұлы атам «сына, бірақ шын сына» депті. Соңғы кездері сынауды қатыратын болдық. Ал іске келгенде шорқақпыз. Кейде енжарлық танытып, жатып аламыз. Тек жоғарыда аталған белгілі спортқа балаларымызды береміз. Ал көзге еленбейтін, пайдасы мен жүлдесі зорына мойын бұрмаймыз. Бұл жағынан су спорты, шаңғы, биатлон, садақ ату, мәнерлеп сырғану сияқты толып жатқан спортты дамыту қажет. Командалық ойындар да ел намысын асқақтатады. Осыған дейін оқта-текте аталған сайыстардан жүлделі болдық. Бірақ ойып тұрып орын алатын дәрежеге жете қоймадық. Осы жағын ескеру қажет.

Біздіңше, бар жүктемені сырттан іздемеу қажет. Қайта өзімізден бастаған жөн. Әр спортқа қызығушы ата-ана баласын спортқа жетелер шақта ойланса екен. Осы айтылғандардан қорытынды шығарып, жүлделі спорт түрлеріне қатыстырғаны абзал. Бұл отандық спорт сарапшыларының игі арманы десек, артық айтпағандық болар. Осы жағы ойда болса, еліміз әлі талай биікті бағындырады. Әлемдік сайыстар ел бейнесін айшықтайтынын әсте ұмытпайық.

Дүниеде ең атақтылардың бірегейі, ол – спортшылар. Нағыз жүйрік, майталманға айналу үшін еңбек керек. Жоғарыда аталған игі ойлар жүзеге асу үшін мәселенің түйінін тездетіп тарқатайық. Қай жағынан ақсап тұрмыз, соны реттеген дұрыс. Уақыт оздырмай өз мақсат-мүддемізге қол жеткізейік.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ



Адамзат тарихында тұңғыш рет робот-заңгер сот отырысында жұмыс істейді. Ақпан айында АҚШ қалаларының бірінде жасанды робот-адвокат қатысатын әлемдегі алғашқы сот өтеді.

Заңгерді робот алмастыра ала ма?



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Әзірге, соттың нақты орналасқан жері мен айыпталушының аты-жөні туралы ақпарат жарияланбады. Бірақ сот залында жылдамдықты арттыру туралы іс тыңдалатыны белгілі болды. Сотқа жауапкердің қандай АИ қызметтерін пайдаланатыны белгісіз. Бұл әдіс робот-адвокаттың жұмысын бағалау үшін жасалады.

DoNotPay стартапындағы жасанды заңгер смартфон арқылы сот ісін тыңдайды және құлаққапты пайдалана отырып, сотталушыға белгілі уақыт ішінде не деп жауап беру керектігі жөнінде кеңес береді.

Жасанды робот-заңгер нақты дәлелдерді тыңдайтын, оларды ұқсас сот істерімен салыстыра отырып талдайтын және сотта естіген әрбір сөзге жауап беруге тырыспай, жауапкерге пайдалы кеңес береді.

Әлем елдерінде сот кезінде интернетке кіру мүмкіндігі бар құрылғыларды пайдалануға тыйым салынған. Сондықтан бұл тәжірибеге қатысушылар тағы бір жолын тауып үлгерді. Олар өздерінің қоғамдық тыңдау стандарттарына сәйкес

пайдалануға болатын Apple AirPods құрылғыларын пайдаланады.

Стартаптың негізін қалаушы Джошу Браудердің айтуынша, робот-заңгер айыпталушылардың ақшасын үнемдеп, сапалы қызмет бере алады.

DoNotPay веб-сайтына сәйкес, технологияны бюрократияны айналып өту үшін де пайдалануға болады. Мәселен, бұл робот тұтынушылардың құқығы туралы заңдарды жақсы біледі.

Жасанды интеллект сот ісінде алғаш рет қолданылып отырған жоқ. Бұған дейін Қытай әлемде бірінші болып сот залында жасанды интеллект қолданды. Бұл жағдайда жасанды интеллект заңдарды ұсынады, құжаттарды әзірлейді және шешімдерде «адамның қателігі болуы мүмкін» екендігі туралы ескертеді.

2016 жылы әлемде алғашқы робот-адвокат жұмысқа қабылданғаны туралы ақпаратты әлемдік сайттар жарыса жазды. Ол киберадвокат банкроттық рәсімге байланысты істі жүргізетін бөлімде жұмыс істеді. Робот-заңгер сот ісіне қатысты ақпараттардың орынды не орынсыз екенін електен өткізіп, заңгерлерге көмектеседі. Сондай-ақ, сот талқылаулары базасын тұрақты жаңартып, алда болатын сот істеріне қатысты мәселелерді хабарлап отырды.

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ

Балалар бақылаусыз қалмайды

Соңғы кездері қоғамда «балалар үйі деген мекеме қажет пе немесе ата-ана қамқорлығынан тыс қалған балаларды ортадан бөлектеуге бола ма?» деген сыңайлы сұрақтар жиі қозғалып жүр. Бұл сұраққа кері пікір айтушылар да бар.



Рая ЕСКЕНДІР

Бүгінгі таңда елімізде балалар үйінің қызметі қайта қаралып жатыр. Бұған дейін жетімдер алдымен балалар үйінде тіркеліп, содан соң ғана асырап алу мәселесі қаралатын еді. Дегенмен, қазіргі жаңа заң бойынша баланы кәсіби патронаттық отбасыға тікелей беруге де болатын көрінеді. Қоғамдағы екіұшты мәселенің де анық-қанығы белгілі болды.

– Қазір біз қоғам болып балалардың жан жылулығын сезініп өсуіне жағдай жасауымыз керек. Кәсіби патронаттық отбасының артықшылығы – жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды балалар үйіне емес, бірден патронаттық отбасына беру мүмкіндігін қарастырып жатырмыз. Яғни бала отбасының жылуын сезініп өседі. Әрине, бұл деген елімізде балалар үйі жабылады деген сөз емес. Дұрысырақ айтқанда, балаларды қолдау орталығы болып қайта құрылады, – дейді Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев.

Алдағы күндерде бұл бағыттағы жұмыстарды сала мамандары мен сарапшылар одан әрі пысықтағалы отыр.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласы Спорт басқармасы «Almaty aqshamy» газетінің 2023 жылғы 14 қаңтар күні шыққан №5 басылымының 11-бетіндегі «№8 Олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі» МКҚК-нің бірінші басшысының бос азаматтық лауазымына орналасуға конкурс жариялау туралы ақпаратты жокқа шығарады.

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 549,10 теңге // 3 айға – 1647,30 теңге // 6 айға – 3294,60 теңге, 11 айға – 6605,50 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1369,10 теңге // 3 айға – 4107,30 теңге // 6 айға – 8214,60 теңге, 11 айға – 17825,50 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 469,10 теңге // 3 айға – 1407,30 теңге // 6 айға – 2814,60 теңге, 11 айға – 4845,50 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор – Нұржамал ӘЛІШЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.

Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail: aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.



ОРАЗА

САУАП ПЕН
ТӘУБЕ АЙЫБиыл Рамазан айы
23 наурызда басталады

Жаратушының күллі мұсылман қауымына берген құлшылық мектебі Рамазан айы биыл 23 наурызда басталады. Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының шарифат және пәтуа бөлімі 2023 жылғы діни күндер кестесін бекітті.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Оған сәйкес, қасиетті Рамазан айы 23 наурызда басталады. Қадір түні 17 сәуірден 18 сәуірге қараған түнге түсіп тұр. Ал Ораза айт – 21 сәуір. Сауапқа толы қасиетті ай әр жылы қайта оралып, мұсылманның сабырлылығы сыналады. Ораза ұстауға ниет еткен жан таңнан ақшам уақытына дейін сабырлық жасайды, кешке дейін ас, су ішпейді. Тек ауқаттан ғана емес, тілін жаман сөзден, ойын жаман ойдан сақтайды.

Атап өтерлік жайт, мұфтият діни мерекелердің нақты күндері жана айдың көрінуіне байланысты көрсетілген уақыттан бір күн шегерілуі немесе алға жылжуы мүмкін екенін ескертті.

БАБАДАН ҚАЛҒАН АСЫЛ СӨЗ

ӘЙТЕКЕ БИДІҢ
ӨСИЕТТЕРІНЕН

• Адамға ең жақыны туыс. Туысыңмен кетіссең басың азаяр, құрмет тұтсаң, сыйласаң қасың азаяр.

• Анаңның кім екенін сағынып, аңсағанда білерсің. Әкеңнің кім екенін тар жолда тарығып, шаршағанда білерсің.

• Атаңнан бата қалсын. Батаның құны мәңгі құт.

• Бата – құранның айнасы.

• Ақылдың ажары жарқыраған көлмен тең. Ақылсыздың ажары бұлт пен буға тең.

• Ақылсызға айтқан сөз құмға сіңген сумен тең. Ақылдыға айтқан сөз Алаш ұстар түмен тең.

• Жақсы адамның серігі – ақыл, қайрат, әдеп, төзім, сабыр, үміт, татулық, бірлік.

• Жалған сөз – дерт, ақиқат – ем, сезім – бұлақ, қиял – шырын, тіл – жүрегіңнің айнасы.

• Жүрегің неге толы болса, тіліңнен сол шығар.

• Өмірдің не екенін мың бұралаң жолда көресің. Көңілдің не екенін құс болып тұғырға қонғанда білесің. Адалдың не екенін орындалған істе көресің.

• Көп ойланып, аз сөйле, жаңылмайсың. Сақалдың бәрі сәуегей емес, ақыл айтқанның бәрі данагөй емес.

• Үйде атаңның, түзде Отанның намысын қорға.

• Жолдасын таппаған адам азады. Басшысын таппаған ел азады.

• Жүрекке түскен дақ та бір, жаңғаққа түскен құрт та бір.

• Қуаныш келсе таспа, қасірет келсе саспа.

• Жетпей жатып болдым деме, болмай жатып толдым деме.

• Даңқа тұлпар дүлдүлдігімен жетеді, ер жігіт білгірлігімен жетеді.

• Нәрін ішкен бұлаққа тас лақтырма.

• Алтыннан таза ақыл бар, көктен биік тәкаппарлық бар, теңізден терең білім бар.

• Жаланың не екенін пәлеге нақақ қалғанда білерсің. Биіктің не екенін шыңның басына шыққанда көресің.

ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА

ТЫЙЫМ

жастарға ақыл-кеңес берудегі тәрбие құралдарының бірі

Тыйым – ең алдымен тәлім-тәрбие мен үлгі-өнеге берудің маңызды бағдары. Жастарды жаман әдеттен, жат пиғылдан, ерсі қимылдан, әдепсіз істерден сақтандыруда тыйым сөздердің тағылымы мол. Бабаларымыздың «Ұлға отыз үйден тыю, қызға қырық үйден тыю» деген нақылының тәлімдік жүгінің ұрпақ тәрбиесіндегі орны бөлек. «Бүйірді таяну – қайғының, жағын таяну – мұң-шердің, жүресінен отыру – әдепсіздіктің белгісі» деген халық даналығын абзалдық әліппесіне балауға болар. Демек, тыйым – халықтық педагогиканың, ұлттық тәрбиенің түрі. Тыйым үлгілері мен сөздері ел ішінде өте көп. Солардың бір парасын оқырмандарымыздың назарына ұсынғанды жөн көрдік.



- Өзімшіл болма.
- Өтірік, өсек айтпа.
- Өтірікшіге ерме, құптама.
- Өтірік күлме, жылама.
- Өткенге өкінбе.
- Өтірік куәлік берме.
- Өлген адамды тілдеме.
- Өлімге күлме.
- Өлім тілеме.
- Өркөкірек болма.
- Пышақ кезеңбе.
- Сұрамсақ болма.
- Сабырсыз болма.
- Салақ болма.
- Сұқтанба.
- Саусағыңды беземе.
- Суға дәретке отырма.
- Тамақты жерге төкпе.
- Тілазар болма.
- Тамақты аттама, жамандама, үрлеме.
- Табалдырықты баспа.
- Түнде үй сыпырма.
- Түнде тырнағыңды алма.
- Тырнағыңды тістеме.
- Тұзды баспа.
- Тамақтың үстіне отырма.
- Тамақты сораптап ішпе.
- Тандайыңды таппа.
- Тізенді құшақтама.
- Түнде ысқырма.
- Тісінді қайрама.
- Таңертенгі асты тастама.
- Иесіз үйге кірме.
- Итке ожаумен ас құйма.
- Иегінді таянба.
- Инені тістеме.
- Көптің жолын кеспе.
- Көпке топырақ шашпа.
- Кісі мініне күлме.

- Кемтарға күлме, мазақтама.
- Кісіге саусағыңды шошайтпа.
- Кісіні сыртынан жамандама.
- Күлді шашпа.
- Көп сөйлеме, көп күлме.
- Күншіл болма.
- Қолыңды сілікпе, сермеме.
- Қабірге қол шошайтпа.
- Қарт адамға күлме.
- Қызғаншақ болма.
- Қызға қол жұмсама.
- Құдыққа түкірме.
- Қақтың суын ішпе.
- Қонаққа қатты сөз айтпа.
- Құйынды кума.
- Малға зәбір жасама.
- Мойныға жіп немесе белбеу салма.
- Мезгілсіз ұйықтама.
- Мезгілсіз жүрме.
- Нанды бір қолмен үзбе.
- Нанды жерге тастама.
- Нан үстінен зат қойма.
- Намысыңды таптама.
- Наданмен дос болма.
- Үлкеннен бұрын сөйлеме.
- Үлкеннен бұрын тамаққа қол салма.
- Үлкенге қатты сөйлеме.
- Үйге жүгіріп кірме.
- Үйді айналып жүрме.
- Үйде ысқырма.
- Шақырмаған жерге барма.
- Ысырапқор болма.
- Ыдысты аттама, теппе.
- Ішегіңді тартпа.
- Ішімдікке бой ұрма.
- Халқыңды жамандама.
- Халыққа қарсы сөйлеме.
- Рұқсатсыз кірме.
- Рухыңды түсірме.



(Дереккөз: БАТСАП).